

#КүшімізБірлікте

Бүгінде Жаңа Қазақстанды құру бастамасы бүкіл қоғамды ұйыстыруда. Бұл идея ел азаматтарының жасампаздық қуатынан бастау алады. Мемлекетімізді жан-жақты жаңғыртуға әрқайсымыз өз үлесімізді қосуымыз керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЭКОАКЦИЯ



АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ – САУАПТЫ ІС

5

МӘСЕЛЕ



ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРДАН ҰТАРЫМЫЗ КӨП

22

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 4 мамырдағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА I компонентпен

1 100 453

II компонентпен **1 081 636**

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 4 мамырдағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА I компонентпен – **9 486 266** адам, II компонентпен **9 247 835** адам вакцина салдырды.

Ревакциналандығандар саны – **4 003 639**

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

5.05.2022

Түнде:



+13+15 °C

Бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр. Найзағай, бұршақ.

Күндіз:



+23+25 °C

Бұлтты, жаңбыр. Найзағай, бұршақ.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағайдың екпіні 15-20 м/с

6.05.2022

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде екпіні 12 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №47 (6182) 5 мамыр, бейсенбі, 2022 жыл.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

АРМАҢДАР ОРЫНДАЛҒАН КҮН

Қапшағай қаласының атауы ресми түрде Қонаев болып өзгерді



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз бастамасымен жасалған республика әкімшіліктерінің қайта құрылуын бекітетін Жарлықтарға қол қойды. Осылайша 3 мамырдан бастап Қапшағай қаласы ресми түрде Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес Қонаев деп аталады. Әлеуметтік желілерде Алматыға көрші қаланың жаңа есімі жазылған жол белгілердің фотосуреттері тарап кетті.

2

МЕРЕЙТОЙ

ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Мемлекет басшысының Жарлығымен актер әрі режиссер Олег Ли II дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды



Президенттің тапсырмасы бойынша өнер қайраткеріне театр өнерін дамытуға қосқан зор үлесі үшін берілген жоғары мемлекеттік марапатты Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев тапсырды.

3

ҚЫСҚА...

- Елімізде түркі мемлекеттерінің «Мұфтилер алқасы» жиыны өтеді.
- Алматыда 10–15 мамыр күндері Сағадат Нұрмағамбетовті еске алуға арналған бокстан ересектер арасындағы халықаралық турнир өтеді.
- Жеңілдетілген автонеисе беру келесі аптадан басталады.
- Биыл мектепті 155 мыңнан астам түлек бітіреді. Мерекелік үстел ұйымдастыруға, жалға берілетін автомобильмен экскурсия жасауға, әкімшілік пен мұғалімдерге сыйлық үшін ақша жинауға, мейрамхана мен дәмханаларда кеш ұйымдастыруға тыйым салынады.
- Мектеп түлектері биыл Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан тапсырады.
- Соңғы қоңырау биыл 25 мамырда, аттестатты салтанатты тапсыру – 16-17 маусымда өтеді.
- Грецияда ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасында әлем чемпионаты басталды, 10 мамырға дейін жалғасатын бәсекеде Қазақстан намысын 8 спортшы қорғайды.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Елімізде Мемлекет басшысының қатысуымен 7 және 9 мамыр күндері өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге, ұрпақтар сабақтасығын қамтамасыз етуге және Отан үшін қаза тапқандардың ерлігін есте сақтап, тағзым етуге бағытталған мерекелік іс-шаралар өтеді.

«6 мамырда елордадағы «Қазақстан» концерт залында Президенттің қатысуымен мерекелік концерт өтеді. Мемлекет басшысы ардагер әскери қызметшілерді, қатардағы әскери қызметкерлерді, сондай-ақ, барша қазақстандықтарды мерекемен құттықтайды. Сонымен қатар, еліміздің барлық өңірінде Жеңіс күніне орай «Құрмет» мемориалды монументі алдына гүл шоқтары қойылып, құрмет көрсету жоспарлануда. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының қатысуымен 9 мамырда Нұр-Сұлтан қаласындағы «Отан қорғаушылар» монументіне гүл шоғын қою рәсімі өтеді. Аталған дәстүр еліміздің барлық өңірінде ұйымдастырылады», – деді Қазақстан Қарулы Күштері бас штабы басшысының орынбасары, тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі департамент басшысы, генерал-майор Серік Боранбаев.

10-11 мамырда Қазақстан Президентінің Түркия еліне мемлекеттік сапары жоспарланған.

■ СЕНАТ

Сенатта республикалық бюджет туралы заң жобасы қаралатын болды. Бюро мүшелері Палатаның биылғы 5 мамырда өтетін отырысының күн тәртібін бекітті.

Депутаттар Палатаның таяудағы отырысында «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022–2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы және «2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобаларын да қарайтын болды. Бюро мүшелері сонымен қатар биылғы жылғы 20 мамырда «Жаңа Қазақстан: Жастар және жаңғыру» тақырыбы бойынша Парламент тыңдауын өткізуді ұйғарды.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс депутаттары «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы конституциялық заң жобасын қарауға алды.

«Жоба республикалық референдумды өткізу кезінде қолданылатын сайлау бюллетеньдері нысанын сайлауда қолданылған бюллетеньдермен сәйкестендіру мақсатында әзірленген. Заң жобасында республикалық референдум кезінде сайлау бюллетеньдеріне қойылатын талаптарды реттейтін нормалар бар, бұл азаматтардың дауыс беру процесінде қолайлы жағдай туғызады. Комитет заң жобасын қарауға дайын», – деді депутат Арман Қожахметов.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қалалық және ауылдық елдімекендерді сумен жабдықтау мәселелері қаралды. Биыл қазақстандықтарды сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге 215 млрд теңге бөлінді.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаевтың айтуынша, биыл нақтылауды ескере отырып, республикалық бюджеттен сумен қамтамасыз етуге 215 млрд теңге, оның ішінде қалаларда 120 млрд теңге және ауылдарда 95 млрд теңге қарастырылған. Бұл жыл қорытындысы бойынша қала халқының 98,5%, ал ауыл халқының 94,7% сумен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әлихан Смайылов қазақстандықтарды сумен қамтамасыз ету ең маңызды міндеттердің бірі екенін және 2025 жылдың соңына дейін халықтың 100%-ы таза ауызсумен қамтылуы керек екенін атап өтті. «Ауызсу мәселесі тұрғындар үшін өте өзекті. Сондықтан әрбір шешім уақытылы қабылданып, нәтижелі болуы керек», – деді ол.

■ ТӨРАҒА

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев Президентке 2022-2023 жылдары «Е-қызмет» ақпараттық жүйесін жаңғырту туралы жоспарын ұсынды.

Оның айтуынша, биыл сыртқы порталды құру арқылы «Е-қызмет» базасында мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау процесі толық цифрландырылады. Ал 2023 жылы басқа да кадрлық үдерістер, атап айтқанда, ротация, тағылымдама, біліктілікті арттыру және басқа да қызметтер автоматтандырылады. Агенттік 2023 жылдан бастап мемлекеттік қызметке іріктеуді прокторинг технологиясын қолдану арқылы онлайн түрде өткізуді жоспарлап отыр.

#ЖОЛДАУ2022



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Мемлекетіміздің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тікелей байланысты».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).



■ ЖАРЛЫҚ

АРМАҢДАР ОРЫНДАЛҒАН КҮН

Қапшағай қаласының атауы ресми түрде Қонаев болып өзгерді



Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

4 мамырда қол қойылған құжаттарға сәйкес Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда үш жаңа облыстың қалыптасу жобасын заңды түрде бекітті. Бұл ретте Шығыс Қазақстанның құрамында екі жаңа аудан пайда болады. Президент Жарлығына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының әкімшілік орталығы Ақсуат ауылынан Ақжар ауылына көшіріледі. Ал ШҚО құрамында Тарбағатай ауданының құрамынан бөлу жолымен әкімшілік орталығы Ақсуат ауылы болатын Ақсуат ауданы және Көкпекті ауданының құрамынан бөлу жолымен әкімшілік орталығы Самар ауылы болатын Самар ауданы құрылатын болады.

– Орталық мемлекеттік мекеме тарапынан Шығыс Қазақстан облысының әсгерілікті өкілді және атқарушы органдарының іркіліссіз әрі тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын, – деп қаулы етті Мемлекет басшысы.

Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелген. Жарлықтың өзі 2022 жылғы 7 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың тағы бір Жарлығымен Алматы облысының әкімшілік орталығы Талдықорғаннан Қонаев қаласына көшіріледі. Сондай-ақ, құжатқа сәйкес келесідей облыстар құрылады:

- Шығыс Қазақстан облысының құрамынан Ақсуат ауданын, Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Үржар, Көкпекті аудандарын шығарып, Семей және Курчатов қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Семей қаласында орналасқан Абай облысы құрылады;

- Алматы облысының құрамынан Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандарын, Талдықорған және Текелі қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасқан Жетісу облысы құрылады;

- Қарағанды облысының құрамынан Жаңаарқа, Ұлытау аудандарын, Жезқазған, Қаражал және Сәтбаев қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Жезқазған қаласында орналасқан Ұлытау облысы құрылады.

Құжатта Алматы облысының жергілікті өкілді және атқарушы органдары, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты мекемелері Қонаевқа көшкенге дейін Талдықорғанда орналасқандығы айтылған.

– Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотымен, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесімен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол картасын) бекітсін және осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын, – деп қаулы етті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жарлықта Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарының орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдары, сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Алматы және Қарағанды облыстарының тиісті аумақтық бөлімшелерінің үздіксіз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауы қажет екендігі атап өтілген.

– Осы Жарлық 2022 жылғы 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі, – делінген құжатта.

■ ӘКІМ

БІРЛІК – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Қала тұрғындары Қазақстан халқының бірлігі күнін тойлады

Гүлжанат
СЕМБАЕВА



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Республика сарайының алдында көптеген ұлттың салт-дәстүріне сай қолөнер туындылары мен ұлттық тағамы, киімдері қойылған 30 бірлестік үйі тігілді.

Абай алаңындағы мерекелік концертке Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қатысты.

«Достық пен ынтымақ бар жерде, береке мен ырыс болары айдан анық. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ. Ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. Ұлт пен ұлыстың татулығы арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері дамып келе жатыр. Жаңа Қазақстан кезеңі басталды. Осы орайда, мамыражай мамырдың алғашқы мерекесінде Қазақстандағы барша ұлыс көңілі даладай дархан қазақ жұртына ризашылығын білдіріп жатыр», – дейді түрік ұлтының өкілі Зарина Ахметова.

Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған іс-шаралар қаланың барлық ауданында өтті.



МЕРЕЙТОЙ

ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Мемлекет басшысының Жарлығымен актер әрі режиссер Олег Ли II дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды



(Басы 1-бетте)

Шаһар басшысы Олег Лиді 80 жылдық мерейтойымен құттықтап, мерейтой иесінің бүкіл өмірін театр өнері саласына арнағаны мен осы жолдағы жетістіктерін атап өтті.

«Осындай жоғары мемлекеттік наградамен Президент сіздің елеулі және ерекше үлесіңізді атап өтті. Сіз – театр өнерінің ең көрнекті өкілдерінің бірісіз.

Корей театрын сіздің рөлдеріңізсіз, қойылымдарыңызсыз елестете алмаймын.

Сіздің ерекше дарыныңыз бен таңдаған ісіңізге риясыз қызмет етуіңіз Қазақстанның театр өнерінің үздік дәстүрлерін арттыруға зор үлес қосты. Біз сіздің қойылымдарыңыз бен фильмдеріңізбен өстік. Сізге зор денсаулық және жаңа шығармашылық жетістіктер тілеймін», – деді Ерболат Досаев.

Олег Ли өзінің мансабында 40-тан астам фильм мен телехикаяда ойнады, сонымен қатар көрермендердің сүйіспеншілігіне бөленіп, театр сахнасында жарқын, есте қалатын кейіпкерлердің бірегей бейнелерін жасады.

«Мемлекеттік республикалық академиялық корей театры ұжымы мен басшылығының атынан осы жоғары дәрежелі орден иесі атануды зор ризашылықпен қабылдаймын. 1937 жылы күштеп көшірілген адамдарды ашық рухпен қабылдап, соңғы бір үзім нанымен бөліскен қазақ халқына айтар алғысымыз шексіз. Қазақ топырағында біз халықаралық деңгейде нақтыланған Қазақстанның көпұлтты отбасына айналдық», – деді Олег Ли.

Олег Лидің көркемдік жетекшілігіндегі республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театры корей

диаспорасы өмірінің маңызды бөлігіне ғана емес, сонымен қатар корей өнері мен мәдениетіне қызығушылық танытқан барлық қазақстандық үшін тартымды орынға айналды.

Кездесу соңында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев актерге жылы лебізін білдіріп, республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театрына баруға уәде берді.

ӨМІР-ДЕРЕК

Олег Ли 1942 жылы 4 мамырда Өзбек КСР, Наманган қаласында туған. 1961 жылы Ташкент электромеханикалық техникумын, 1969 жылы Ташкент энергетикалық байланыс институтын бітірген.

1975 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясының актерлік факультетін, 1983 жылы Алматы мемлекеттік театр-көркемсурет институтының режиссерлік факультетін бітірген.

1975 жылдан бері мемлекеттік корей музыкалық комедия театрының актері және режиссері. 1996 жылдан Қазақстан республикалық корей музыкалық комедия театрының бас режиссері.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚҰРМЕТ

«ЖЕҢІМПАЗДАР. БАТЫРЛАРҒА ТАҒЗЫМ»

Ұлы Отан соғысы батырларын еске алуға, құрметтеуге арналған жоба

Алматыда 9 мамыр Жеңіс күні мерекесіне орайластырылған мәдени іс-шаралар басталып кетті. Бүгінде барлық аудандарда ардагерлерге құрмет көрсету шаралары ұйымдастырылып, сый-құрметке лайық жандардың үйді-үйлеріне барып құттықтап жатыр.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Дәл осыған ұқсас ізгі шаралардың бірін БАҚ өкілдері де қолға алып отыр. Қарттың қадірін көзі тірісінде білу қажеттігін ескерген Tengrinews.kz жаңалықтар порталы 9 мамыр күні Ұлы Отан соғысының қазақстандық ардагерлерін еске алуға арналған «Жеңімпаздар. Батырларға тағзым» атты онлайн-акция өткізбек.

Онлайн-акция «Жеңімпаздар» жобасы аясында оқырмандарымыз анкетасын жіберген батырлармен таныстырады. Аталмыш жоба мен акция биыл Қазақстан Республикасы

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен өтеді.

Қазақстандық ҰОС ардагерлер қоры Tengrinews.kz негізін қалаушы және Alash Media Group холдингінің басшысы Батыр Қазыбаевтың бастамасымен жүзеге асқан.

«Жеңімпаздар» – 2014 жылғы 9 мамырдан бастап Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері туралы 3,5 мыңнан аса оқиға жарияланған жоба. Оған Қазақстан мен өзге елдердің оқырмандары жарты ғасырдан аса уақыт бұрын майданға аттанған аталары, әжелері, достары туралы ақпарат жібереді.

Оқырмандарды Қазақстанның белгісіз әрі танымал емес батырла-

рымен таныстыратын, ардагерлердің туыстарына соғыстан кейін байланысы жоғалған жақындарын табуға көмектесетін жоба арқылы бүгінге дейін талай жан іздегенін тауып, жоғалтқанын іздеуге мүмкіндік алды.

Аталмыш жобаға арналған ардагерлердің ерліктері туралы оқиғаларды +7 7009051945 WhatsApp арнайы нөміріне жіберуге болады. Сюжетті жіберген кезде ардагердің аты-жөні, туған күні, туған жылы және туған жері, атағы, әскердегі тегі сияқты толық мәліметтерін көрсету керек, сонымен қатар, бірнеше сурет тіркеу қажет. Батырлардың жақындары сайтта анкета толтыра алады.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда экономиканы қалпына келтіруге жыл басынан бері

248
млрд теңге
бөлінген



Мегаполисте
218 000-ға
жуық
ШОБ субъектілері
жұмыс істейді



Алматы әкімдігі
қаңтар оқиғалары
кезінде бүлінген
автокөлік иелеріне

258
млн теңге
өтемақы берді



Шаһарда
52
базар бар



Биыл «Жасыл Алматы»
бағдарламасы аясында

350
мың
ағаш отырғызылады



Қоғамдық көлік
парктері
газбен жүретін

105
жаңа экологиялық таза
автобусты толықты



«Жаңа Алматы»
кешенді
жоспары аясында

100
шақырым
жаңа жол салынады



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Алматы қаласының Жасыл экономика басқармасы жыл соңына дейін бірнеше жаңа саябақтың ашылатыны туралы хабарлады. Сондай-ақ, қала аумағындағы саябақтарды жөндеу жоспарын және өзге де жаңа жобаларды таныстырды.

Досбол
АТАЖАН

Қала бойынша барлығы 211 саябақ (көлемі 631 га) бар. Оның ішіне 12 ірі саябақ, 124 тынымбақ, 21 бульвар, 10 жағалау аймақтары, 31 серуенге арналған және 13 жасыл алқаптар кіреді. Алматы қаласының Жасыл экономика басқармасы аталмыш саябақтарда жүргізілетін және жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мәлімдеді:

– Қала әкімінің тапсырмасы бойынша Алатау, Наурызбай, Жетісу, Түркісіб аудандарында жаңа тынымбақтар мен жасыл алқаптар салу жоспарланған. Себебі, қала сыртындағы аймақтарда саябақ жетіспейтіні белгілі. Биылғы жылы осы аймақтардың саябақ жоспарларын бекітіп, келесі жылы құрылыс жұмыстарын бастау жоспарланып отыр, – деді Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы басшысының орынбасары Ұлан Абдулаев.

Бүгінгі күні қала аумағында саябақтарды құру және жөндеу мәселесі бойынша 17 жоба бар. Оның ішінде 6 жоба жаңа саябақтардың жобасы болса, 11 жоба жөндеу жұмысына бағытталған. Қазір 8 алқапта жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Аталмыш жобаларға әкімдік тарапынан 500 миллион теңге бөлінген. Бұл жобаларға келесі саябақтар енгізілді:

- Алатау ауданында «Зерделі» және «Акцент» ықшамаудандарын қамтитын 40 га көлемінде жастар саябағын құру жоспарланған. Айтылған саябақтың аумағы Орталық саябақпен тең болады деп күтілуде. Боралдай өзені бойында жаңа демалыс орындары алдағы уақытта жасалады. Көлемі 24 га болатын жоба «Көкқайнар», «Саялы», «Шаңырақ» ықшамаудандарын қамтиды.

- Наурызбай ауданында «Қарғалы» өзенінің бойын көгалдандырып, саябақ құру жоспарланған. Құрылыс жұмыстары 2023 жылы басталуы керек.

- Түркісіб ауданында «Желтоқсан» саябағы (31 га) мен Жарбұлақ өзенінің бойында (6,5 га) құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Бұл демалыс орындары шілденің соңына дейін ашылады деп күтілуде.

– Жаңа саябақтарда адамдар үшін барлық қолайлы жағдай болады. Атап айтқанда, бақша жолдары, балалар және спорт алаңдары, сыртқы жарықтандыру желілері, қоғамдық дәретхана және қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігі үшін бейнекамералар орнату қарастырылған. Саябақтарды арық жолдарымен, су құдықтары арқылы суару жоспарланған, – деді Ұлан Абдулаев.

ЖАҢА САЯБАҚТАР АШЫЛАДЫ



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Жасыл экономика басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, биыл «Халықтық қатысу бюджеті» жобасын қаржыландыру екі есе көбейген, сондықтан халық қалауы ескерілетін шағын тынымбақтар болашақта әр ауданда салынады.

Қайта жөндеу жұмыстары өтетін және абаттандырылатын объектілердің толық тізімі:

- «Желтоқсан» саябағы – Түркісіб ауданындағы «Маяк» шағынауданы;
- Есентай өзенінің жағалауы – Жетісу ауданындағы «Көкмайса» шағынауданы;
- Медеу ауданындағы Оқушылар сарайының жанындағы тынымбақ;
- Алмалы ауданындағы ҚБТУ артындағы «Северный» тынымбағы;
- Байсейітова көшесі бойындағы жаяу жүргіншілер аймағы – Сәтбаев көшесінен Жамбыл көшесіне дейін;
- «Алматы зоологиялық паркі» КМҚК аумағында;
- Медеу ауданындағы су бөлгіштен Жамақиев көшесіне дейінгі Есентай өзенінің су қорғау белдеуі мен арнасы;
- Жарбұлақ өзенінің арнасын қайта жөндеу.

Ұ.Абдулаевтың айтуынша, барлық саябақ аумағындағы құрылыс жұмыстары аудандық әкімдік пен Жасыл экономика басқармасымен күнделікті тексеріледі. Мердігер компания тарапынан заң бұзылған жағдайда оған шығыннан 10 есе артық айыппұл салынады және қайта қалпына келтіру жұмысы міндеттеледі.

Сондай-ақ, Жасыл экономика басқармасы жасыл желектің электронды реестрінің бүгінгі жағдайы туралы айтты. 2020

жылы қосылған реестрге 2 миллион 800 мыңға жуық ағаш енгізілген. Электронды тізілім күнделікті жаңартылып тұрады.

– Алматы электронды реестрінде 84 мыңға жуық апатты ағаш бар. Мұндай ағаштар Ж.Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдікті қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының мамандарымен, экобелсенділермен, агроном мамандармен анықталады. Жыл сайын 2 мыңға жуық ағаш кесіледі. Бүгінгі күні барлық апатты ағаштарды кесу үшін 5 жылдық жоспар жасалып жатыр, – деді Жасыл экономика басқармасы басшысының орынбасары.

Сондай-ақ, Бостандық ауданында жалпы аумағы 3,4 га болатын «Достық» саябағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Қайта құру аясында асфальт жабындары жаңартылып, орындықтар мен қоксы жәшіктері орнатылды, сыртқы жарықтандыру және суару жүйесі жүргізілді, workout және балалар ойын алаңы салынды.

Қайта жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатқан нысандардың бірі – ҚБТУ ғимаратының артындағы «Северный» тынымбағы. Мұнда алдымен субұрақтарды ғана жөндеу жоспарланса да, тексеру барысында бүкіл алаңның тозғаны анықталып, саябақ аумағын толық қайта құру туралы шешім қабылданды. Жоба бойынша ағаштарды санитарлық кесу, көгалдандыру, алаң жолдарын жаңарту, сыртқы жарықтандыру, сондай-ақ қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігі үшін бейнекамералар орнату қарастырылған. Барлық жұмыстарды 2022 жылдың қазан айында аяқтау жоспарлануда.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ



Мүгедектер құқығы қорғалды

Наурызбай ауданының прокуратурасы «Денсаулық сақтау туралы» заңнаманың сақталуына талдау жүргізді. Оның нәтижелері бойынша ауданда 2 598 адам, оның ішінде 401 кәмелетке толмаған мүгедектердің конституциялық құқығы қорғалды.

Бұл ретте кінәлі тұлғалар жауапкершілікке тартылды. Мамандандырылған қызмет көрсету нысандары мүмкіндігі шектеулі жандардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасады.

Ауданның проблемалық мәселелерінің бірі – «Премьера» ТК тұрғындарының «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-нің энергия беруші ұйымы алдындағы 100 миллион теңгеден астам сомадағы берешегінен туындап отыр. Прокуратура органдарының араласуынан кейін ғана бұл жұмыс ретке келтірілді.

Аталған факті бойынша 189-баптың 3-бөлігінде көзделген қылмыс белгілеріне байланысты сотқа дейінгі тергеу тіркелді.

Сондай-ақ, аудан прокуратурасы «Премьера» ТК тұрғындарының бастамашыл тобымен кездесулер өткізді. «Адал Сити» ӨК қызметіне байланысты бар проблемалар, сондай-ақ дереу реттеуге жататын мәселелер анықталды.

Прокуратура органдарының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі органдарға тиісті тапсырмалар берілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КӨРМЕ

МҮМКІН ЕМЕС МҮМКІНДІК

Алматылық ерекше балалардың шығармашылық көрмесі өтті

«Almaty International Rotary Club» ҚБ ұйымдастыруымен Алматы қаласының Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында ерекше балалардың шығармашылық көрмесі өтті. Іс-шараға Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының қолдауымен «Аяла» әлеуметтік қызмет орталығы» КММ-нің ерекше балалары қатысты.

Айта кеткен жөн, Алматы қаласының «Аяла» әлеуметтік қызмет орталығы» КММ 1 жастан 18 жасқа дейінгі 200-ден астам мүмкіндігі шектеулі балаларға және 18 жастан асқан психоневрологиялық ауруларымен мүгедектігі бар жандарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Орталықтың қызмет алушылары физиотерапиялық қолдаумен қатар, оқу сабақтарына қатысады, сурет салады, мүсіндейді, шығармашылықпен айналысады, бір-бірімен қарым-қатынас жасайды.

«Көрменің мақсаты — мүмкіндігі шектеулі балалардың тамаша шығармашылық жұмыстарын көрмеде ұсыну, қалыптас жағдайдағы балалармен және ерекше қажеттіліктері бар балалардың арасында қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беру. Өйткені, белсенді өмір инклюзивті қоғамның барлық мүшелеріне бірдей қажет», – деді Almaty International Rotary Club элект-президенті Татьяна Нам.

Сондай-ақ, ұйымдастырушылар тарапынан мұндай шаралардың қоғам өзгерісі үшін маңыздылығы айтылды: «Біз қоғамды ерекше қажеттіліктері бар балаларға қарай бұрғымыз келеді, дұрыс қабылдау және қарым-қатынас жасауды үйренгіміз келеді, психологиялық шекараларды жойғымыз келеді. Қаңтар оқиғасынан кейін адамдарға өмірдің басқа жағын көрсеткеніміз дұрыс», – деді Т.Нам.

Шара аясында жасалған ауқымды жұмыстардың бірі – қолдан сомдау мен сурет салу шығармашылық алаңдарының құрылуы болды. Келушілер шығармашылық көрме алаңында «Аяла» әлеуметтік қызмет орталығының балаларымен бірге қатыса алды. Мұндай алаңдарда бояуға арналған гипстен жасалған мүсіншелер, модельдеу мен сурет салуға арналған әртүрлі материалдар ұсынылды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Көрме қонақтары үшін Орталық қызмет алушылары және Алматы қаласының шығармашылық ұжымдары қатысқан концерт өтті. Сондай-ақ, ертегі кейіпкерлері болып киінген аниматорлар балалармен шағын ойындар ойнап, үрлемелі шарлардан жасалған ойыншықтар (твистинг) сыйлады.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



ЭКОАКЦИЯ

АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ – САУАПТЫ ІС

Шаһар басшысы Alma Qala экологиялық акциясына қатысты



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Өткен аптада Алматының Түрксіб ауданында Alma Qala деген атаумен ауқымды экоакция өтті. Мегаполис әкімі Ерболат Досаев қатысқан іс-шараға аудан тұрғындары, кәсіпкерлер мен қоғам қайраткерлері қатысты. «Балалар» саябағында 450 ағаш егілді.

Акция аясында «Сиверс», «Апорт», «Золотое прекрасное» секілді түрлі сұрыптағы 370 алма ағашы отырғызылды. Солардың ішінде құрғақшылыққа және суық

қа төзімді «Сиверс» сорты қазіргі заманғы алма сорттарының негізгісі болып саналады. Сонымен қатар, саябақ қайыңдармен, жапырақты және қылқан жапырақты

көшеттермен толықтырылды. Экологиялық белсенділердің айтуынша, қаланың саябақтары мен гүлзарларын көгалдандыру Алматы қаласына жасыл қала мәртебесін қайтаруға бағытталған.

«Мен экологиялық волонтерлік қозғалыстардың қызметіне үнемі үлкен құрметпен қараймын, олардың мақсаты – қоршаған ортаны жайлы және сау ету. Бүгін осы қоғамдастықтың бір мүшесіне айналғанымна қуаныштымын», – деді Ерболат Досаев.

Шаһар басшысы экологиялық акцияға қатысушыларды келе жатқан мерекелерімен құттықтап, олардың игі миссияларына табыс тіледі.

Alma Qala қоғамдық бастамасы «Алматы – әлем алмаларының отаны» ұранымен 2014 жылдан бері жұмыс істейді. Волонтерлер Алматыдан өзге еліміздің ірі қалалары – Нұр-Сұлтан мен Шымкентте «Сиверс» сортының алма ағаштарын отырғызумен айналысады. Бастама қолға алынғалы бері тек Алматының өзінде ғана белсенділер 100 мыңға жуық ағаш отырғызды.

Жыл басынан бері Алматының Түрксіб ауданында 2 мыңға жуық ағаш отырғызылып, оның ішіндегі 850-і алма ағашы екенін айта кеткен жөн.

ЖОЛ-ЖОБА

КӨШЕЛЕР ҰЗАРЫП, ЖОЛ КЕҢЕЙЕДІ

Алматыда Төле би көшесін қала шекарасына дейін ұзарту жұмыстары басталды

Қалалық әкімдіктің баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, жоба мемлекеттік сараптамадан өткен. «Бюджет қаржысына жер телімдері сатып алынды. Қазір Төле би көшесін батыс бағытта ұзарту жұмысы басталып кетті. Бірінші учаскесі Яссауи көшесінен басталып, Әшімов көшесіне дейінгі аралықты қамтымақ. Жобаны 2023 жылдың желтоқсан айында аяқтау жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта 270 жер телімінің 22 учаскесі сатып алынды», – делінген әкімдік жолдаған хабарламада.

2020 жылы Алматы мобильділік басқармасының тапсырысымен құрылыстың жоба-сметалық құжаттамасы әзірленген. Ол тұрғындардың назарына ұсынылып, қоғамдық тыңдаудан өткен. Мамандардың айтуынша, Төле би көшесі жалпы 4,5 шақырымға ұзарады. Жоба екі учаскеге бөлінген: бірінші учаске Яссауи көшесінен Әшімов көшесіне дейін, ұзындығы 2,2 шақырым, екінші учаскесі Әшімов көшесінен басталып, қаланың шекарасына дейін созылады. Бұл аумақта ұзындығы 2,3 шақырым жол жасалмақ. Сондай-ақ, әкімдік берген мәліметке сәйкес, биыл ма-

мыр айының соңына дейін Әуезов көшесін Гоголь көшесінен Райымбек даңғылына дейінгі ұзарту жұмыстары аяқталады. Оның ұзындығы 0,8 шақырым, ені төрт жолақ болмақ. Сонымен қатар, биыл Н.Тілендиев көшесі мен Солтүстік айналма жолы солтүстік бағытта Үлкен Алматы айналма автомобиль жолына дейін ұзартылады. Жалпы, 2030 жылға дейін Алматыда 38 көше ұзартылады. Сарапшылар жаңа көшелерді екі кезеңде салуды ұсынып отыр. Көшелердің бір бөлігі – 2025 жылға дейін, ал екіншісі – 2030 жылға дейін жүзеге асырылады.

ЖАЙЛЫ ДЕМАЛЫС

ШАҒАР СӘНІ

Субұрқақтар 25 мамырға дейін іске қосылады

Жаз жақындаған сайын алматылықтар субұрқақтардың қосылуын асыға күтетіні рас. Биыл субұрқақтарды 25 мамырға дейін кезең-кезеңімен, тексерістен өткен соң іске қосу жоспарланып отыр.



Бүгінде Алматыда 128 субұрқақ бар. Әдемі әсер, салқын ауа сыйлайтын субұрқақтар қатарына Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының жанындағы, ҚР Тұңғыш Президенті атындағы саябаққа кіреберіс жердегі және Қазақстан–Британ университетінің алдындағы скверлерде орналасқан

субұрқақтарды қосуға болады. Дәл осындай әдемі орындар ҚР Орталық мемлекеттік музейінің жаны мен Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрының алдында да бар.

Қала әкімдігі баспасөз қызметі ұсынған деректерге сүйенсек, қаладағы 128 субұрқақтың 63-і комму-

налдық меншікте, 65-і жекеменшікте. «Есо Almaty» ЖШС 63 коммуналдық субұрқаққа қызмет көрсетеді. Оның 60-ын кестеге сәйкес биыл 25 мамырға дейін қосу жоспарланып отыр.

Субұрқақтарды мұқият қадағалап, қала тұрғындарының жайлы демалуы үшін барлық жағдай қарастырылған. Десек те, субұрқақтар – шомылатын жер емес. Қала билігі мен Алматы қаласы ТЖ департаментінің қызметкерлері тұрғындарға күн қанша ыстық болса да субұрқақтарда суға түсуге тыйым салынатынын ескертіп отыр. Бұл судың сапасына ғана емес, қауіптілігіне де байланысты айтылып отырған алдын алу шараларының бірі. Себебі, субұрқақтардың көпшілігінде су астындағы жарықтандыру және электр жабдықтары орнатылған. Сондықтан шомылу өмірге қауіпті болуы мүмкін. Қалада үнемі жаңа субұрқақтар пайда болады және ескілері жаңартылады.

Қалада заманауи үлгідегі субұрқақтардың саны жыл санап көбейіп келеді. Ал сәні кете бастағандары жаңартылып, ағымдағы жөндеу жұмыстары, санитарлық тазалау мен жинау жұмыстары жүргізіледі.

Соңғы бес жылда мегаполисте 13 жаңа нысан салынып, тағы 10 нысан қайта жаңғыртылған. Қазіргі уақытта субұрқақтарға жоспарлықысқамерзімді жөндеу жұмыстары атқарылып жатыр.

НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ



ТҰТЫНУШЫ ДӘН РИЗА

Алматыдағы 28 базар заман талабына сай жаңарды

Базар – сауданың көркін қыздыратын, ашық алаңдағы сауда-саттық орны. Еліміз нарықтық экономикаға көшкеннен кейін Алматыда да базарлардың саны артып, онда сатылатын тауар түрлері де көбейді. Бүгінде сауданы заманауи форматқа көшіру және салық түсімінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мегаполистің барлық базарлары жаңарып жатыр. Егер базарда дұрыс салық саясаты жүргізілетін болса, орта және шағын бизнестің дамуына оң ықпал жасайды дейді сала мамандары.

Қалалық кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Еркебұлан Оразалин ең маңызды міндеттердің бірі – кәсіпкерлерге көленкеден шығуға көмектесу және азаматтарды белсенді экономикалық қызметке тарту. Ол үшін дәстүрлі сауданы заманауи өркениетті форматқа ауыстыру қажет деп есептейді.

– Бүгінде Алматыда 52 базар жұмыс істейді, онда 20 мыңнан астам кәсіпкер бизнесін жүргізеді.

Қазіргі уақытта 28 базар жаңғыртылып, оған 25 млрд теңгеден астам инвестиция салынды. Жұмыс орындарының саны 3,4 мыңға артты. Бүгінгі таңда 16 қалалық базарда жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Оның 4-еуі жұмысты осы жылдың соңына дейін аяқтайды, – деді басқарма басшысы.

Базарларды жаңғыртудың нәтижесінде сауда жағдайы жақсарып қана қоймай, антисанитария мен стихиялық сауданы тоқтатуға мүмкіндік артады. «Енді базар қызметкерлері жұмыс берушілерден жалақы мен қажетті әлеуметтік аударымдарды ала алады, сауда қызметінен бюджетке салық аударымдары ашық болады. Адам аяғы көп жиналатын сауда орындары талғамға сай өзгеріп, жайлы ортаға айналып жатыр. Ризамыз! Алматы базарлары осылай болуы керек қой» деген тұтынушылар қала басшылығына алғыстарын айтуда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТІРШІЛІК КӨЗІ

АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕДІ

Биыл ел тұрғындарын таза ауызсумен қамтуға 215 млрд теңге жұмсалады. Бұл туралы кеше Үкімет отырысында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев айтты.



«Сумен қамтамасыз ету деңгейін арттыру үшін көрсеткіштері төмен және көш соңында қалған өңірлерге басым негізде қаражат бөлінеді. Осы жылы бұл мақсаттарға нақтылауды ескере отырып, республикалық бюджеттен 215 млрд теңге көзделген. Оның ішінде қалаларға – 120 млрд теңге және ауылдық елдімекендерге – 95 млрд теңге. Бұл жыл қорытындысында қала халқының 98,5 пайызын, ал ауыл халқының 94,7 пайызын сумен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деді министр.

Қайырбек Өскенбаевтың дерегіне, еліміз бойынша барлығы 6302 ауылдық елдімекен бар,

оның ішінде 4759-ы сумен жабдықтау қызметтерімен қамтылған.

«Аталған қызмет түрімен қамтамасыз етілмеген ауылдардың 511-інде орталықтандырылған су жүйесімен жабдықтау жөніндегі құрылыс жұмыстарын жалғастыру жоспарланып отыр. Ал халық саны аз бір мыңнан астам ауылда жергілікті бюджет қаражаты есебінен кешенді блок-модульдер орнатылады. Оның ішінде осы жылы 120 ауылдың тұрғындарын орталықтандырылған су жүйесімен қамтамасыз ету және халық саны аз 220 ауылда кешенді блок-модуль орнату жоспарланған», – деді ол.

Бетті дайындаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



#РЕФЕРЕНДУМ2022

ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

әрбір азаматтың ел тағдырын шешуге тікелей қатысуына мүмкіндік береді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының съезінде ел Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдау бойынша референдум өтетінін жариялады.

Президент сонау 2019 жылы өзінің сайлауалды тұғырнамасында ел үшін маңызды шешімдер референдум арқылы қабылданатынын айтқан болатын. Ал енді Конституцияға енгізілетін жаңа өзгерістер бойынша Мемлекет басшысы оларды бүкіл қазақстандық қоғамның пікірімен санасу арқылы жүзеге асыруды ұсынды.

«Мен Конституцияға түбегейлі сипаттағы және елдің саяси жүйесін түбегейлі өзгертетін өзгерістер енгізу туралы бастама көтердім. Біз жаңа мемлекеттік үлгіге, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматына көшеміз. Бұл сапалық ауысуды Екінші Республика деп атауға болады. Жұмыс тобы Негізгі Заңның 33 бабына түзетулер әзірледі, бұл бүкіл Конституцияның үштен бір бөлігін құрайды. Бұл өзгерістерді енгізу туралы заң жобасы Конституциялық Кеңеске жіберілді, ол жақын арада өз үкімін шығарады», – деді Мемлекет басшысы.

Іс жүзінде жаңа саяси модельді қалыптастыру, билік институттары арасындағы тежеу мен тепе-теңдікті теңестіру тетіктері үшін, жабық жүйеден ашық саяси жүйеге көшу үшін ашық плебисцит өтеді.



ЕҢ МАҢЫЗДЫ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИНСТИТУТ

Референдум әрбір азаматтың ел тағдырын шешуге тікелей қатысуына мүмкіндік береді және елді жан-жақты демократиялан-

уақыттан бері елімізде бірде-бір референдум болған жоқ. Халықтың зор қолдауы Қасым-Жомарт Кемелұлына саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды одан әрі ілгерілетуде күш-қуат береді. Жаңартылған

Ел тағдырын шешуге тікелей қатысы бар алдағы референдумға елін, жерін, тарихын, береке-бірлігін қастерлейтін, елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштықты қалайтын ізгі ниетті әрбір азаматтың, бүкіл халықтың қатысуы аса қажетті және зор маңызы бар.

дыру бағытын нығайтады деп есептейді Қасым-Жомарт Тоқаев. Ол референдумды елімізде соңғы рет 1995 жылы жаңа Конституцияға дауыс беру кезінде өткен ең маңызды демократиялық институт деп атады. Одан кейінгі жылдары негізгі заңға өзгертулер мен түзетулер Парламентте дауыс беру арқылы енгізілді.

Мемлекет басшысының Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша референдум өткізу туралы бастамасы еліміздің Ата Заңында жазылған ең маңызды қағидаға негізделген. Қолданыстағы Конституцияда «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деп нақты көрсетілген. Осы қисынды ұстана-тын болсақ, еліміздің негізгі заңына енгізілген кез келген өзгеріс халықпен ақылдаса отырып, жалпыхалықтық референдумда қабылдануы тиіс. Сондықтан Президентіміздің бастамасын толық қолдаймыз.

Бұл Мемлекет басшысы қызметке кіріскен сәттен бастап жариялаған «естуші мемлекет» тұжырымдамасын іс жүзінде жүзеге асырудың жалғасы. Осылайша Қасым-Жомарт Тоқаев елді жаңғырту мен Жаңа Қазақстанды құру жолындағы өзі белгілеген бағытты жүйелі түрде жалғастыруда.

Ашығын айтқанда, халықпен ақылдасуды біраз ұмытып та кеттік. Ширек ғасырдан астам

Референдумның негізгі екі түрі бар: 1. Резолютивті, яғни референдумда қабылданған шешімнің ешбір қосымша бекітудің бірден мемлекет аумағында міндетті күші болады және жаңа референдумда ғана күші жойылады; 2. Консультативті, яғни референдум белгілі бір мәселе жайындағы халықтың пікірін білу үшін өткізіледі. Мұндай референдумның қорытындысы өкімет үшін міндетті болмайды.

Конституциясыз әділ Жаңа Қазақстанды құру мүмкін емес. Алдағы референдумда халықтың өз ойын айтатынына сенімдіміз. Тек қана халықтың дауысын ести білу және есепке алу керек.

МЕМЛЕКЕТТІЛІГІМІЗДІ ДАМУЫДУЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Қазақстан халқы өзінің бірлігін сақтауға, нығайтуға тиіс. Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана жаңа Қазақстанды құра аламыз» деп есептейді. Президент Жаңа Қазақстан дегеніміз, шын мәнінде, Әділетті Қазақстан екеніне тағы да тоқталды. Сонымен қатар, ол әзірленген түзетулердің тарихи маңызы бар деп есептейді. Бұл мемлекеттілігімізді дамытудың жаңа кезеңін білдіреді.

Бұл жерде еске алып кететін жағдай референдум дегеніміз – мемлекеттік маңызы бар мәселені халықтық дауысқа салу болып табылады.

Қазақстан Республикасының 1995 жылы 2 қарашада қабылданған «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңы Қазақстан Республикасының Ата Заңына сәйкес республикалық референдумды тағайындау, әзірлеу және өткізу тәртібін белгіледі. Заңда республикалық референдум ұғымына былайша анықтама берілген: «Республикалық референдум – Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдарының және мем-

ХАЛЫҚ БИЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ БІРДЕН-БІР ӘДІСІ

Референдум қабылдаған шешімнің Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар. Қазақстанда референдум өткізу туралы шешімді ҚР Президенті тиісті Жарлық шығару жолымен қабылдайды, онда референдумды өткізу мезгілі, оған қойылатын мәселенің (мәселелердің) тұжырымдамасы белгіленеді, референдумды өткізуге байланысты өзге де мәселелер шешіледі. Оған 18 жасқа толған Қазақстан азаматы қатыса алады.

Референдум тағайындау бастамашылығы Қазақстан Республикасының Президентінде, Қазақстан Республикасының Парламентінде, Қазақстан Республикасының Үкіметінде, сан жағынан Республиканың барлық облыстарын, астанасы мен рес-

ферендум тағайындау туралы бастамашылықпен Қазақстан Республикасының Президентіне тілек білдіреді.

Референдум Қазақстан Президентінің 1995 жылғы 28 шілдедегі №2389 Жарлығына сәйкес өткізілген болатын. Онда «Сіз 1995 жылғы тамызда баспасөзде жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген жалғыз мәселе ұсынылды. Жаңа Конституцияны дауыс берушілердің 90 пайызы қолдады. Бұдан кейін Қазақстанда бірнеше рет ұсыныс көтерілгенімен, референдум өткізілген жоқ.

ЕЛ ТАҒДЫРЫ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Көріп отырғанымыздай, республикалық референдум қазіргі кезеңде жұмыс істей алатын тетік екендігін көрсетуде. Референдум қоғамдық пікірді білдіру мен дамытудың маңызды түрі және жалпы халық билігін жүзеге асырудың бірден-бір әдісі болып табылады. Сондықтан ел тағдырын шешуге тікелей қатысы бар алдағы референдумға елін, жерін, тарихын, береке-бірлігін қастерлейтін, елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштықты қалайтын ізгі ниетті әрбір азаматтың, бүкіл халықтың қатысуы аса қажетті және зор маңызы бар.

Референдум өткізу: 1) азаматтардың референдумға өз ықтиярымен қатысуы және еркін ашық білдіруі; 2) азаматтардың референдумға жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең және төте қатысу құқығы; 3) жариялылық принциптеріне негізделеді. Референдумды ұйымдастыру мен өткізу ашық әрі жариялы жүзеге асырылады. Референдумды өткізу туралы шешім мен оған қойылатын мәселе (мәселелер) азаматтардың назарына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізіледі.

лекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру».

Референдум республиканың бүкіл аумағында өткізіледі. Республикалық референдум талқысына Республика Конституциясын, конституциялық заңдарын қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, Республиканың мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелерін шешу қойылуы мүмкін.

Қазақстандағы референдум тарихынан: Тәуелсіз Қазақстан тарихында республикалық референдум екі рет өткізілді. Бірінші рет 1995 жылы 29 сәуірде Президенттің өкілеттігін ұзарту туралы өткізілді. Ал екінші референдум болса 1995 жылы 30 тамызда жаңа Конституцияны қабылдау мәселесі туралы өткізілген болатын. Оның нәтижесінде жаңа ел Конституциясы қабылданды.

публикалық маңызы бар қалаларын тең мөлшерде білдіретін республикалық референдумға қатысу құқығы бар екі жүз мыңнан кем емес республика азаматтарында болады. Парламент, Үкімет, Республика азаматтары

**Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті
Қазақстан тарихы
кафедрасының оқытушысы.**



СҰХБАТ

ОТАНСҮЙГІШТІК – ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Білім – әлемдік, тәрбие – ұлттық болуы керек



Қазақ елі бейбітшілікті сүйеді. Тыныштықты ту етеді. Жастарымыздың тұла бойын патриоттық сезім кернейді. Олар Екінші дүниежүзілік соғыстың зардаптарын ұмытпайды. Ардагерлерін ардақтайды. Жуырда Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI құрылтайы өтті. Онда еліміздегі татулық пен бірлік жайында айтылды. Осыған орай қоғам қайраткері, тіл жана-шыры, «Парасат» орденінің иегері Асылы ОСМАН апамызды сұхбатқа тартқан едік.

– Сіздіңше патриот дегеніміз кім?

– Е-е, қарағым, әуелі, елім аман болсын. Халқыма Құдай Тағала өмір берсін. Жастар, бірлікте болындар. Отаншыл жұртты жау алмайды. Бабаларымыз VII ғасырда алып арабқа, XIII ғасырда тегеурінді моңғол шапқыншылығына, XX ғасырда патша өкіметіне де төтеп берген. Бәрі ұғынушылықтың арқасы. Ең негізгісі, ішкі ынтымағымыз бекем болғаны абзал.

Қазір «Жаңа Қазақстан» дейтін тың идея көтерілді. Бұның мағынасы жақсы. Жаңарған жөн. Осының ауқымын кеңейтіп, «Жаңа Қазақ Елі» деген болар едім. Байқасаңыз, сырттан келіп ақ майды ешкім аузымызға тамызбайды. Сол себепті де, патриоттар көбейсін десек, оған жағдай жасайық. Ауыл балаларының жақсы оқу оқып, сапалы маманға айналуын қадағалайық. Біз бен сіз болып ұлттық құндылықтарды насихаттайық. Шежірені білсін. Халқым деп күйінсін. Сонда барып, отаншыл азамат қалыптасады. Мінберге шыкса, елдің қамын ойлайтын болады.

Ойшыл Сократ «дүниедегі ең сұлу – сөз, ең қымбатты нәрсе – адамгершілік, ең жаманы сұрқиялық-қызғаншақтық» дейді. Тәуелсіз, Ұлы дала төсінде мамыражай күн кешіп жатқанымыз сырттағы алақоздерге ұнамауы мүмкін. Аузына келгенді айтып, алауыздық тудыруды қалайтындар да жоқ емес. Қазақ біреуге тиіспейді, тиіскенге бас имейді. Ол атам заманнан келе жатқан қағида. Ең әуелі баршамыз қазақи рухта болуымыз шарт. Ел мен жердің қадірін бір атаның баласындай сезінейік.

Баяғыда грек пен түрік арасында шиеленіс болған. Сол шақта Түркияның премьер-министрі Тансу Чиллер бір төбенің басына шығып тұрып «мен өзгелерге отанымның жері тұрмақ, бір түйір қиыршық тасын бермеймін» деген болатын. Міне, патриоттық. Алдыменен, шүкіршілік айтамын! Осыншама ұлан-ғайыр даланы айбынды хандарымыз, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батырлар білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғады. Абай ұлтымызды ояту үшін күйінді. Алаш арыстарының ерлігі ерен. Қарақтарым намысымызды өзіміз жанып, қамшылап отырмасақ, іс өнбейді. Әлемдік өркениет пен мәдениетте бабаларымыз көштің соңында емес, басында жүрген. Жаһанды ат тұяғымен дүбірлеткен. Дүниені түлеткен. Енді неге біз өз жерімізде жүріп, кедей күн кешіп, жарлы-жақыбайлы болып өмір сүруіміз керек екен?! Мемлекет құраушы қазақ ұлты өзгелерден кем ғұмыр сүрмеуі қажет. Осы тұрғыда жастарымызды отбасынан тәрбиелесек, бала бойына уыз тәрбие сіндірсек, озамыз.



Сталин жылатқан халықты – жұбатқан қазақ

– Ана, «бірлік» сөзінің мағынасын тарқатып айтып беріңізші?

– Қарақтарым, менің жасым 80-ді алқымдады. Азшылықты да, тоқшылықты да көрдім. 10 жасымда Қазақстанға қоныс аудартты. Бәрімізді бір түнде вагонға тиеді. Көңілімізде мұсылман еліне бара жатырмыз деген демеу болды. Оралдан бастап, пойыздың бір-бір вагоннан ағытып отырды. Шеттей бала-шаға, үлкен кісілер тағы бар. Ол уақытта бала болсам да, сол көріністер көз алдымнан кетер

емес. Айналайын, қазақ халқыма мың рахмет! Қазағым Сталин жылатқан қаншама халықты, бауырларына басып жұбатты. Өзекке теппеді. Көкіректен итермеді. Міне, соның нәтижесінде бүгінде тату өмір сүріп келеміз. Қаншама шешен, әзербайжан, татар, балғар, орыс, украин, кәріс, неміс, т.б. ұлттар мамыражай күйде ғұмыр кешіп келеді. Осының бәрі бірліктің арқасы. Алаламай, бөлмей, шеттетпей жүрген қазағым мың рахмет!

– Ұлттық тәрбиені жастардың бойына қалай сіңіруге болады?

– Біздер қоғам тіршілігіне көбірек араласамыз. Кейде айтыңқырап жібереміз. Бәрі қазағымның санасы оянсын деген мақсатта ғой. Қазаққа «өрге шықсаң өрді көресің, елге шықсаң өмірді көресің» деген жақсы мақал бар. Меніңше, білім әлемдік, тәрбие ұлттық болуы керек. Осыдан артық қағида жоқ.

Жастарға ұлттық тәрбие бере білу қажет. Олардың өзіміздің ұлттық құндылықтарға сусындату керек. Ассамблеяның ішінен жастар ұйымын құрып жатыр. Үй ішінен үй тігудің қаншалықты керегі бар. Баршасы да бір Қазақстанның жастары. Сондықтан олай бөлінбегенін қалаймын. Сондай-ақ, қыздарымыз өзінің ұлттың анасы екенін сезінбей, алға жылжу қиын. Шылым шегіп, нашар әрекет жасаса, сонда қандай бала таппақ. Бізге дені сау, отаншыл ұрпақ керек. Олар біздің болашағымыздың кепіліне айналысын. Менің тілерім осы. Осыны біздер айтпағанда, кім айтпақ?!

Қазақи рухта тәрбиемен сусындаған бала, сөзсіз елге қызмет қылады. Өйткені, обал-сауапты біледі. Халықтың жиған-тергеніне қол сұқпайды. Сумандамайды.

Әсіресе, егемендік кезеңінде туған жастарды қазақи тәрбиеге баулыған жөн. Жарайды, үлкен кісілер бұрынғы тарихты білеміз. Қамқорлықты сезіндік. Жүрегімізбен ұғынамыз. Кім екендігіне қарамай, барша жастарды ұлттық құндылықтарға үйреткен абзал. Сонда ұтамыз, ілгері басамыз. Отанымыздың «наны тәтті де, тілі ащы болып па?!». Әрине, олай емес. Наны да, жаны да, тілі де ортақ болуы қажет. Тұрасы – осы!

– Мемлекеттік тілдің жайын жиі айтасыз, өзгеріс байқайсыз ба?

– Байқаймын. Бұрынғыға қарағанда алға жылжу бар. Оны жоққа шығармаймыз. Өзге ұлттар мен этностар, өзінің тілін, дәстүр-салтын дамытып жатыр. Оларға біреу бірдеңе деп жатқан жоқ. Дегенмен, қазақ тілінің жайы не болмақ?! Осы мен тілге жаным ашып айтудай-ақ айтып келем. Кейбіреулер бізде екі тіл бар дейді. Маған Конституцияны мысалға келтіреді. Ата Заңның 7-бабы, 1-тармағында, қазақ тілі мемлекеттік тіл, орысша ресми және өзге тілдердің дамытудың жайлы жазылған. 2-3-тармақтарды орындаймыз. Ал неге 1-тармаққа селсоқ қараймыз. Намысың келеді. Осыдан 15-16 жыл бұрынғы Ассамблеяның жиындарында Қазақстанда мемлекеттік тіл салтанат құру қажет деп шегелеп айтқан болатынымын. Оны жыл сайын айтып та келеміз. Содан бері қаншама уақыт өтті. Енді қолға алатын уақыт жетті ғой.

Кезінде лингвист-түрколог ғалым Смет Кеңесбаев ағай «аспиранттар жетім қозы сияқты түрткіншек болуы керек» дейтін. Онысы ізденімпаз, сұраушы болуы қажет дегенді білдіреді. Жетім қозы ананы ды, мынаны да түртіп еме береді ғой. Біздің тіліміздің жайына келгенде, осындай түрткіншектік ауадай керек болып тұр.

Әр мекеме қазақша іс-қағаздарды жүргізсе, мемлекеттік қызметке қабылданарда, мемлекеттік тілден сынақ тапсырсын. Өйткені, Қазақ елінің тағдырын шешетін лауазымға отыруда бір нәрсені түсінуі керек. Кеңестік Қазақстанды ширек ғасырдан артық басқарған Дінмұхамед Қонаев «мен қанша биіктесем де, халқымнан төмен екенімді ұмытқан жоқпын» деген екен. Олар нағыз ұлы тұлғалар еді.

1989 жылы кандидаттық қорғадым. Москва мен Ленинградтан үлкен түрколог ғалымдар келіп қатысты. Сол кезде менің қазақшама күмәнмен қарады. Дегенмен, кеңестік дәуірде қазақша диссертация қорғағанымна риза болды. Бұрынғы кісілер жақсы болып келеді. Кейін Едіге Тұрсынов дейтін фольклортанушыға орыс тіліне тәржіма жасаттым. Кейбіреулер қазақша сөйлегеніме таңқалады. Мұның бәріне өсіп-өнген орта әсер етті. Сондықтан мемлекеттік тілге қажеттілікті тудыру қажет.

Егер мына түрімізбен, тілге селсоқ қарасак, мәңгіртке айналамыз. Түбінде өзімізге зияны тиеді. Басқа-басқа, тіл мен дәстүрден ажырамайық. Қазақ тілінің Қазақстаннан өзге барар жері жоқ. Кеңес өкіметінің тұсында Америка Құрама Штаттарынан бір қыз қазақ филологиясынан кандидаттық жазуға келді. Сонда «айналайын», «қарағым», т.б. сөздердің құдіретін, нәрін зерттемек болды. Ол уақта тыңшылық жасайды деп, сырттан келгендерден күдіктенетін. Көрдіңіз бе, тілімізге шетел тамсанады. Кейде күйіп кетемін. Небір ақын-жазушыларымыз бар. Бірақ өзінің баласы әкесінің шығармасын, өлеңін оқи алмайды. Сөйтіп отырып, халыққа ақыл айтуға бола ма екен?! Әрине, болмайды. Тілге құрмет – елге құрмет. Осыны ұмытпайық.

Тобықтай сөзді түйгенде, еліміздің алар асуы алда болсын. Қазақ мемлекеті мәңгі жасасын, халқым жадырап күн кешсін деген тілегімді, лебізімді білдіремін!

– Ана, шынайы сұхбатыңызға, тілегіңізге үлкен рахмет!

#ЖОЛДАУ2022



Дихан
ҚАМЗАБЕК,
филология
ғылымының
докторы,
профессор:

ӨЗГЕРІСТЕР ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ

Жаңа Қазақстанның іргетасын құру үшін ел бірлігі мен мемлекетшілдік аса маңызды. Президенттің 16 наурыздағы Жолдауында мемлекеттік мүдде жолында этностардың ұйысуы ауқымды өзгерістер ретіндегі фактор ретінде баяндалды. Жаңа Қазақстанның мәні де осында. Біріншіден, ел қауіпсіздігін қанағаттандыратын, екіншіден, әлеуеттік бастамаларды қолдайтын кешенді қайта құрылымдау. Зиялы қауым, білім мен ғылым мамандары осы бастамаларды қолдауға даяр деп есептеймін. Өзгерісті өзімізден бастауымыз керек. Халқымызда «Жауды жеңген жарты батыр, өзін жеңген шын батыр» деген сөз бар. Өзін жеңу деген – ол еңбек пен берекесі, бірлікпен келеді. Сондықтан да халқымыз бұл сөздің мағынасын ерекше түсінеді. Бізде жоспарланған Ұлттық Құрылтай парасатты пікірлерді ортаға салатын тамаша алаң болады деп есептеймін. Енді ұлттық ұйысуға байланысты бірнеше қағидатты айтқым келеді. Біріншіден, елдік пен мемлекетшілдік. Екінші қағидат – қоғамның жоғары мәдениеті. Ұлттардың, этностардың ойларын тану біз үшін қашанда маңызды. Біздің бірлігіміз парасатты ғұламалар арқылы беріледі. Үшінші қағидат – қоғамда еңбектің құндылығы. Бұл да маңызды. Сондықтан білім саласының маманы ретінде ұсыныс айтқым келеді. Ең бірінші қоғамда жауапкершілік иммунитетін қалыптастыруымыз керек. Бұл білім саласының негізгі парқы десек те болады. Екінші этностардың санын жарнамалап айту маңызды емес, Қазақстан біртұтас деп айту маңызды. Бізде ешқандай ұлтына, нәсіліне қарап бөлінбейді. Бізде барлығы бірлікте деп айту маңызды. Одан кейінгі айтатын нәрсе, еңбектің қадірін білуіміз керек. Төртінші, елшіл ата-ана қалыптастыру. Бұл мәселе бәрімізді ойландырады деп ойлаймын.



Әскер
ПРИЕВ,
ҚХА мүшесі:

РЕФОРМАЛАРДЫҢ МӘНІН ХАЛЫҚҚА ТҮСІНДІРУ ҚАЖЕТ

Қазіргі таңда Конституциялық Кеңес үлкен өзгерістер топтамасын қарастырып жатыр. Елдің Ата Заңына отызға жуық түзетулер енгізілді. Бұл өзгерістер саяси жүйеден бастап елдің құрылымын өзгертуге дейінгі мәселелерді қамтиды. Аталмыш реформа азаматтарымыздың өмірін жақсартып, әр адамның бақытты болашағын қалыптастыруға бағытталған. Біз өзіміз үшін ғана емес, ұрпағымыз үшін шаңырағы биік, керегесі кең, табалдырығы берік Жаңа Қазақстанды құруға дайынбыз. Ол үшін әлеуетіміз де, күшіміз де, жігеріміз де жетеді. Біз тарихи сәттерде бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын халықпыз. Ендігі кезекте саяси реформаларды аяғына дейін жүргізуіміз маңызды. Бұл реформалардың мәні мен мақсатын халыққа дұрыс түсіндіру ортақ борышымыз. Себебі, кез келген тарихи сәттің орын алуы қашанда халықтың шынайы қолдауына ие болғанда ғана жүзеге асады. Осы ойымды барлық этно мәдени бірлестіктердің жетекшілері қолдайтынына еш күмәнім жоқ. Сондықтан бұл бағытта елге жанашыр, мемлекетшіл, отаншыл азаматтардың күш-жігерін біріктіру қажет деп есептеймін. Ассамблеяның құрылымдары мен мүшелері алдыңғы сапта болуы керек. Біз бұл мәселеге Ассамблеяның ғылыми сарапшылық кеңесінің де күшін жұмылдырамыз.

Бетгі әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

NAZARBAYEV UNIVERSITY

Білім беру жобалары мен бағдарламалары таныстырылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Nazarbayev University-не барып, жоғары оқу орнының білім беру, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен және университетті одан әрі дамыту стратегиясымен танысты. Президентке кампусты және ғылыми орталықтар мен зертханаларды дамыту жоспары көрсетілді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысына ғылым, денсаулық сақтау, цифрландыру, ауыл шаруашылығы, экология және спорт салаларындағы әртүрлі білім беру жобалары мен бағдарламалары таныстырылды. Университет осы жобалар мен бағдарламалар арқылы Мемлекет басшысының бастамаларын жүзеге асыруға өз үлесін қосып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа университеттің шетелдік жетекші ғылыми, білім беру орталықтарымен ынтымақтастығы, медицина және инновациялық кластерлердің жұмыстары, сондай-ақ оқу орны түлектерінің стартап-жобалары жөнінде мәлімет берілді.



Мемлекет басшысы Ақылды жүйелер және жасанды интеллект институтының жобаларымен және Энергетикалық ғарыш зертханасының қызметімен танысты. Оқу орнын аралап көрген Қасым-Жо-

март Тоқаев студенттермен әңгімелесіп, университеттің құрметті қонақтар кітабына қолтаңбасын қалдырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МЕКТЕП

1-сыныпқа тіркеу жүріп жатыр

Қазір еліміз бойынша 1-сыныпқа баратын бүлдіршіндерді тіркеу жүріп жатыр. Әзірге өтініш білдіргендер саны 180 мыңнан асты. 1 сәуірде басталған құжат қабылдау мерзімі 1 тамызға дейін созылады.

Сондықтан ата-аналар осы уақыт аралығында балаларының құжаттарын тапсырып үлгерулері керек. Бұл ретте ата-аналарға ыңғайлы болу үшін балаларды мектепке қабылдау қызметі толығымен автоматтандырылып, eGov.kz. веб-порталы арқылы жүзеге асырылатынын еске саламыз.

Білім грантының саны артты

Биылғы жылғы мектеп түлектері үшін жағымды жаңалықтар өте көп болып тұр. Мәселен, білім беру гранттарының саны 56 мыңнан 73 мыңға дейін артты. Бірақ Білім министрлігі қай мамандыққа қанша тегін оқу орны бөлінетінін әлі нақтыламаған көрінеді. Сондықтан мектеп түлектері тек өз біліміне сеніп, сынақ тапсырулары керек. Қазір еліміз бойынша мектеп түлектерінің ҰБТ тапсыру жөніндегі өтініштерін онлайн тіркеу басталды. Бұл жолы түлектерге негізгі сынақты екі рет тапсыру мүмкіндігі берілетін болады. Бірақ түлектердің бейіндік пәнді ауыстыруына болмайды. ҰБТ сынағы биылғы жылы да 1 компьютер, 2 камера,

1 тест тапсырушы қағидаты бойынша өтеді. Ерекше қажеттілігі бар балаларға қосымша 40 минут берілетін болды. Сынақ тапсыру кезінде компьютер экранында Менделеев кестесі, металдардың белсенділік қатары қосылған тұздардың ерігіштік кестесі, калькулятор болады.

Сауаттылық сабағы

Ағымдағы жылдың 29 сәуірінен бастап Алматы мектептерінен интернет-алаықтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл тақырыбындағы дәрістер басталды. Сонымен қатар, «Қауіпсіз интернет және балалар киберқауіпсіздігі» тақырыбында 10-нан астам сабақ өткізілді. Қолға алынып жатқан іс-шаралардың барлығы балалардың қаржылық сауаттылығын арттырып, оларды алаяқтардың алдауына түсіп қалмаудан сақтандырады. Осындай сабақтар барысында «Дөңгелек үстелдермен» қатар, 38 бейнеролик пен 14 шығарылым көрсетілді.

Қолдау орталықтары ашылады

Еліміздің барлық өңірінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар ашылып жатыр. Олардың саны қазір 87 болса, енді әрбір өңірде 40-қа жуық осындай орталық ашылады деп күтілуде.

Өз кезегінде мұндай орталықтар балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ерте анықтауға әрі сапалы бағалауға оң әсерін тигізетін болады дейді мамандар.

ОЛИМПИАДА

Жеңімпаздар студент атанды



Қалалық әкімшілік пен Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ұйымдастыруымен мектеп оқушыларының 7-ші қалалық ашық геологиялық олимпиадасы өтті.

Аталмыш олимпиада жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиет пен туған жерге деген сүйіспеншілікті арттырып, Қазақстанның көркем табиғаты мен минерал-

ды байлықтарын бағалай білуге баулу мақсатында өткізіліп отыр. Сонымен қатар, олимпиада қосымша білім беру ұйымдары жанындағы геологиялық бірлестіктердің (жасақтардың, үйірмелердің, жас геологтар клубтарының) қызметін насихаттап, кәсіптік бағдарлау және оқушылардың азаматтық ұстанымын дамытуды да көздейді.

Олимпиаданы жүйелі жүргізуге «Оқушылар сарайының» «Туризм және өлкетану» бөлімі мен

«Туризм және өлкетану» бөлімі мен Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті айттырлықтай үлес қосты. Оған Алматы қаласының мектеп командалары мен «Алма скул» жекеменшік мектебі, колледж, лицейлердің оқушылары белсене қатысты.

Олимпиаданың бас бөйгесіне ие болған жеңімпаздарға бағалы сыйлықтармен қатар, «Ректор гранты» табысталды. Осылайша, жеңімпаз оқушылар «Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау», «Мұнай және кен геофизикасы», «Гидрогеология және инженерлік геология» мамандықтарының студенті атанып шыға келді.

Қалалық геологиялық олимпиадаға қатысушылар іс-шараны ұйымдастыруға ұйытқы болған Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ректоры – Басқарма төрағасы Мейрам Бегентаевқа, басқарма мүшесі, ҚазҰТЗУ академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Бақыт Жауітқовке, ҚазҰТЗУ ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары Алма Анарбекқызына, Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаеваға, Алматы қаласы «Оқушылар сарайының» директоры Айгүл Байсымақоваға, Алматы қаласы «Оқушылар сарайы» туристік-өлкетану бөлімінің меңгерушісі Наталья Королеваға зор алғыстарын білдірді.

ЖӘДІГЕР

Жас ғалымдар Есік қорығын аралады

Еліміздің жас ғалымдары «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығын аралап, әлемді таңқалдырған жәдігерлерді тамашалап қайтты.

Тарихи саяхат барысында жас ғалымдар темір дәуірден сақталған сақ ханзадасының алтын киімді экспонатын, ежелгі тайпалардың наным-түсінігінен сыр шертетін басқа да жәдігерлерді өз көздерімен көріп, қыш сынықтарын қолмен ұстап көруге мүмкіндік алды. Сондай-ақ, «Сақтардың тарихы мен мәдениеті», «Алтын адам», «Қазақстан археологиясы», «Уақытша көрмелер залы» атты экспозициялық залдарды аралап, мұнда қойылған тарихи-мәдени құндылықтардан өздеріне бай мәлімет жинақтады. Қорық-музейдің бір бұрышы «Алтын адамды» алғаш тапқан археолог Бекмұханбет Нұрмұханбетовке арналғандықтан, аға ғылыми қызметкер Төреәлі Төлегенов құпияға толы төбешіктер мен құм қорымдар туралы ұстазының аузынан естіген деректерді әңгімеледі. Археолог-маманның болашақта мұндағы зерттеулерді одан әрі жалғастыра отырып, қазбаның аумағын әлі де кеңінен қамту керек дегені жас ғалымдарға ой салып, қатты қызықтырды.

– Сақ бабаларымыздың жатқан қасиетті қорымы бүгінгі ұрпақтар үшін киелі мекен екені сөзсіз. Сондықтан әрбір азамат осы жерге келіп, тарихымызды көзбен көріп, бай мұраларымыздың қасиетін сезінуі керек, – дейді археолог.

БАЙҚАУ

Оқушылар олжамен оралды

АҚШ-та роботтехникадан әлем чемпионаты өтіп, Қазақстандық мектеп оқушылары бас жүлдені жеңіп алды.

Хьюстонда өткен «FIRST LEGO LEAGUE» атты әлем чемпионатына 7–9 жас аралығындағы әлемнің талантты балалары қатысты. Байқау шартына сай балалар жүк тасымалы туралы тапсырманы орындап шықты. Алматы қаласының атынан өнер көрсеткен оқушылар тиімді жүк тасымалдарына байланысты проблемаларды шешудің бірнеше жолын ұсынған еді. Олардың арасында дрондары бар пойыз да бар. Байқаудың әділ қазылары алматылық өнертапқыш оқушылардың жобаларына жоғары баға беріп, аса қызығушылық танытты. Осылайша байқаудың «Ең үздік жобалық шешім» – Challenge Solution Award номинациясы Қазақстаннан барған балаларға бұйырды.

Алматы қаласының атынан барған команданың жаттықтырушысы Тимур Мақажанов бұл жеңіс 9 ай бойы жасаған ізденістің жемісі екенін айтады.

– Осынау уақыт ішінде балалар жүк тасымалдарын, жүк тасымалдаудың қандай тәсілдері бар екенін, басқа өңірлерде қандай жолға қойылғанын, бүгінгі таңда қандай инновациялық шешімдердің бар екенін зерттеді. Осы бағытта балалар өздерінше ізденіп, идеялар ойлап тапты. Бізге қиындық туғызғаны – ағылшын тілімен жұмыс жасау болды, – дейді топ жетекшісі.

Әлемнің түкпір-түкпірінен қатысқан 60 команданың ішінен алматылық талантты оқушылар топ жарып, 4D командасының Даниял Мұратов, Диар Адам Айбар, Даниел Ким, Демид Боборенко сынды өнертапқыш балалар ойлап тапқан дронды пойызға американдық Qooqe корпорациясы қызығушылық танытып отыр.

ТЕАТР

Өнерден қуат алмаса...

Адам бойындағы адами қасиеттердің дені өсе келе қалыптасады. Әсіресе, өнерге, әдебиетке, ілім мен ғылымға деген қызығушылықтар жас кезде оянып, болашақ мамандық таңдауға әсерін тигізіп жатады. Бұл күнде Түркіб ауданына қарасты №59 мектеп-гимназиясы мен М.Әуезов атындағы драма театр арасында ерекше байланыс орнаған.

Оқушылардың театрдың тұрақты көрерменіне айналып, қойылымдарды тамашалап отыруы үрдіске айналған. Дегенмен, арада өткен 2 жыл үзілістен соң оқушылардың да, ұстаздардың да театрды сағынып қалғаны байқалды. Осындайда Мұхтар Әуезовтің «Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің шырағы өшеді» деген сөзі еске түседі.

– Оқушыларымыз театрды өте жақсы көреді. Жақында ғана Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Қара» атты қойылымды тамашалап қайттық. Оқушылар сынып сағаттарында, сабақтан қолдары босай қалса болды, тамашалаған қойылымдарын талқылауға көшеді. Сосын, әңгіме ауаны актерлардың сомдаған кейіпкерлері мен олардың шеберліктері туралы пікірталасқа ұласып жатады. Қазіргі өзінде талантты оқушыларымыздың біразы өнер жолын таңдап отыр. Театр үлкен өнерге бастайтын баспалдақ іспетті, – дейді мектептің математика пәні мұғалімі Ұ.Бектұрсынова.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ҚР ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ – 30 ЖЫЛ!

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ӘСКЕРІ: МІНДЕТ. АБЫРОЙ. ЕРЛІК

Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде Қазақстан Қарулы Күштерінің 30 жылдығы аясында «Тәуелсіз ел әскері: Міндет. Абырой. Ерлік» атты «Дөңгелек үстел» мен тарихи-құжаттық көрме өтті.



Іс-шара аясында ҚР Президенті Архиві мен ҚР ҚК Әскери-тарихи музейі бірлесіп дайындаған «Қазақстан Республикасының Қарулы күштері. 1991–2001: құжаттар мен материалдар жинағы» кітабының тұсаукесері болды. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері 1992 жылы 7 мамырдағы №745 ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес құрылған болатын. Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауында айтылғандай, «ел ішінде болып жатқан іргелі қоғамдық өзгерістер мен шиеленісе түскен геосаяси тартыс кезінде айрықша маңызы бар өмірдің барлық саласында жүйелі өзгертулер жасалады» деген сөздің Қарулы Күштерді жаңғыртуға да қатысы бар. Қазақстанның Қарулы Күштері 1992 жылдан бастап жауынгерлік рух пен дәстүрдің тарихи сабақтастығын сақтап, 30 жылда толық қалыптасып, әлеуетін арттырып келеді.

Жаңа басылып шыққан «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері. 1991–

2001: құжаттар мен материалдар жинағы» атты кітапта алғаш рет жарық көрген 100-ден астам архивтік құжаттар қамтылған.

Олар Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің нормативтік-құқықтық актілері, Қарулы Күштердің жоғары командалық құрамының ресми хат алмасулары, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Архивінен, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық Архивінен алынған басқа да құжаттар. Түпнұсқадағы архивтік құжаттар сол бір кезеңдегі оқиғаларды: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуы мен қалыптастыруы және реформалау қалай жүргізілгенін көрсетеді.

Жиынға ҚР ҚК Әскери-тарихи музейінің өкілдері, әскери жоғары оқу орындарының оқытушылары мен курсанттары, архив мекемелерінің басшылары қатысты.

БРИФИНГ



ҚР Ішкі істер министрлігі соңғы аптада ел аумағында тіркелген қылмыстар туралы баяндады.

Қылмыстық істер 7,6 пайызға төмендеді

қылық, алаяқтық және зорлау деректері айтарлықтай азайған.

«Министр қаңтар оқиғасы кезінде жасалған қылмыстарды тергеп-тексеру, кінәлілерді анықтап, жасауға тарту, ұрланған қаруларды заңсыз айналымнан алу жұмыстары жөнінде есеп берді. Мемлекет басшысы қауіпсіздік мәселелерін қоғаммен серіктестік орнату арқылы шешуге негізделген полицияның сервистік моделін енгізу барысымен танысты. Марат Ахметжанов Президентке Ішкі істер министрлігінің қызметін бюрократиядан арылту, цифрландыру және жұмыс үдерісін автоматтандыру, ішкі рәсімдерді оңтайландыру жөнінде баяндады», – деді Ш.Тұрлыбек.

МӘЛІМДЕМЕ

Қаңтар оқиғасы: 150 адам ауыр қылмыс жасады деген күдікпен ұсталған

ҚР Ішкі істер министрлігінің Тергеу департаментінің бастығы Санжар Әділов қаңтар оқиғасы бойынша 150 адам ауыр қылмыс жасады деген күдікке ілінгенін мәлім етті.

«Бүгінгі таңда ішкі істер органдары тергеушілерінің өндірісінде бұрын қабылданған шешімдерді қоспағанда, 1150 қылмыстық іс бар. Олардың негізгі бөлігін ұрлық қылмысы құрайды – 157. Қарудың заңсыз айналымы бойынша 146, қасақана бөтеннің мүлкін бұлдіру бойынша 23 іс бар. Осы істер бойынша 150 адам ауыр қылмыс жасады деген күдікпен ұсталуда. Жақын арада қылмыстық процестің үш буынды моделі шеңберінде және прокурорлармен келісу бойынша осы қылмыстық істер бойынша түбегейлі процесстік шешімдерді қабылдау жоспарлануда. Сонымен бірге, жедел және сапалы тергеудің нәтижесінде біздің тергеушілер 473 айыпталушыға қатысты 288 қылмыстық істі айыптау актісімен аяқтап, сотқа жолдады», – деді Тергеу департаментінің бастығы.

Оның айтуынша, күдіктілердің кінәсі қылмыс жасалған орындардан алынған бейнежазбалармен, оқиғаны көзбен көрген куәгерлердің мәліметімен, алынған заттармен дәлелденіп жатыр.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ӘЛЕМТОРДАҒЫ ДИПЛОМ САУДАСЫ

Жалған құжат жасағандарды қандай жаза күтіп тұр?

Қазіргі таңда жоғары білім алғандығын дәлелдейтін құжат – дипломды алу үшін көз майын тауысып, уақытты зая кетіріп, 4 жыл оқудың айтарлық «қажеті жоқ» сияқты. Себебі, желіде «диплом жасаймын» деген жарнама самсап тұр. Тапсырыс берсеңіз, үйіңізге дейін әкеліп береді. Бәрі оп-оңай, ә? Бірақ заңсыз!



Иә, әлемтордағы диплом саудасы тыйылар емес. ЖОО-ның беделі мен жалған дипломды жасау мерзіміне қарай бағасы да әралуан. Заңсыз құжат жасайтындарды табу да айтарлықтай қиын емес. Әлеуметтік желінің кез келгенінде өз саудасын емін-еркін жүргізіп жүргендер көп.

Жақында ҚР Білім және ғылым министрлігі диплом сатып алып, мектепте сабақ беріп жүрген мұғалімдердің қулығы анықталса, қомақты айыппұл салынатынын ескертті.

Жалған диплом жасағандарды қандай жаза күтіп тұр?

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлзат МЕРГЕНӘЛІҚЫЗЫ, заңгер:



Интернетте қай мамандық бойынша қандай диплом керек екені, жоғары оқу орны, колледж, техникум, 10 ай мен 1 ай ішінде жасап беретіні және түпнұсқадан ешқандай айырмашылығы жоқ екендігіне кепілдік бере алатыны – бәрі жазылып тұр.

Осылайша қалаған мамандық бойынша

диплом сатып алып жұмыс істеп жүргендер жетерлік. Дипломның жалған немесе жалған емес екенін ажырату өте қиын. Мемлекеттік қызметте жұмыс істейтіндер ондай әрекетке көп бара бермейді. Өйткені, оларда тексеріс қатаң. Құжаттардың жалған екені анықталған жағдайда коррупциялық іс қозғалады. Сыйбәлс жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің осы бағытта атқаратын жұмыстарының маңызды екенін айта кеткен жөн.

Сондай-ақ, ҚР Қылмыстық кодексінің 385-бабында Жалған құжаттарды, мортабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік наградаларды қол-

дан жасау, дайындау немесе өткізу бойынша жасаушылық көрсетілген.

Қылмыстық кодекстің 385-бабына сәйкес, жасалған құжаттар жасазандарға 2000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына немесе 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады. Сонымен қатар, 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығы шектеліп, не сол мерзімге бас бостандығынан айырылуы да мүмкін. Ал жалған құжатты пайдаланғандарға 160 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына немесе 160 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады.

Диплом сатып, оңай олжа тауып отырғандарды қатаң жазалау керек. Қай оқу орнын алып қарасақта, диплом сататындар көп. Дипломды 2 түрде сатады. Бірі – базаға тіркелген, екіншісі – тіркелмеген түрінде. Базаға тіркелген түрінде 4-курс бітірмей жатып оқудан шығып кеткен жағдайда, орнына басқа адамды қоюы әбден мүмкін. Сондай жағдайда диплом тіркелген болып шығады. Ал тіркелмеген деп, ешқандай оқу орнына тіркелмегендерді айтады. Мәселен, менің жақын туысым оқуға түсті. Әртүрлі себеппен оқуға бара алмай қалды. Бірақ оның құжаттарын оқу орны қайтармады. Себебі белгілі, ақшаны оқу орнына төлеу керек екен. Студент оны төлей алмағандықтан, дипломын ала алмай жүр. Осындай оқуы аяқталмай қалғандардың дипломын басқаның атына жазып жіберетін заңсыздық жиі кездеседі.



ВЕЛОШЕРУ

АЛМАТЫДА МЕРЕКЕЛІК
ВЕЛОШЕРУ ӨТТІ

Спорттық шараға мыңнан аса адам қатысты. Велошеру Қазақстан халқының бірлігі күніне арналды.

Веломаусым мен велошерудің салтанатты ашылуына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев қатысты. Жиын барысында ол тұрғындар велосипедті жиі қолдана бастағанын және веложолалар жыл өткен сайын көбейіп жатқанын жеткізді.

«Қыс біткен соң қалада велошерулер жандана бастайды, бұл өте жақсы. Қатысушылардың қатарында кәсіби велоспортшылармен қатар, қарапайым адамдар мен велосипедті енді үйреніп жүргендер де бар. Олар аз қашықтықты жүріп өтеді. Ал біз өз командамыз атынан

оларға шағын кәдесыйларды табыстаймыз», – деді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Андрей Линник.

Велошеруге қатысқан мыңдаған алматылық әл-Фараби даңғылы бойымен сегіз шақырым қашықтықты жүріп өтті. Қазақстан велоспорт федерациясының президенті Нұрлан Смағұловтың айтуынша, барлығына мәре сызығын бірінші болып кесіп өту міндетті емес, бастысы қашықтықты жүріп өту және мерекелік көңіл күйді сезіну. Сондай-ақ, ол велошеру – достықтың марафоны екенін әрі алматылықтардың ынтымағы екенін атап өтті. Велошеруге қатысушылар да өз әсерлерімен бөлісті, соның бірі Анастасия Киреева.

«Кұрбым екеуіміз велошеру жайлы білгенде қатысуды жөн көрдік. Бірақ бізде велосипед болмады, сондықтан жалға алдық. Біз көбіне жүгіреміз, велошеруге бірінші рет қатыстық, бізге ұнады. Ұйымдастыруы да жақсы, мерекелік және спорттық көңіл күйді сезіндік», – дейді ол.



БРЮС ЛИ

Жаһан жүйріктерге толы. Таңдандыратындар аз емес. Бұрын да солай болған. Айрықша адамдар адамзаттың өмір сүру қағидатына әсер етеді. Біздің бұл жолғы кейіпкеріміз де сондай жан. Әлем тарихында өз орны бар, нағыз аңыз адам болған. Жекпе-жек өнерінің шебері, әйгілі актер – Брюс Ли.

Ғұмыр жолы

Бала кезінде бірбеткей, өжет болған. Гонконг көшелерін шулатқан. Тентектігі үлкендерге ұнамаған. Кім көрінгенмен достасыпты. Жанындағы балалармен бірге базардан алма ұрлапты. Талға, гимаратқа өрмелеу түк емес болыпты. Қимылы табиғатынан жылдам екен.

Шын есімі Ли Сяо Лун. Әкесі де актер болған. Киноға 3 айлығында және 6 жасында түскен. 13 жасында «Ча ча ча» биіне қатысты. 17 жасында осы биден жарыс жүлдесін ұтады. Сонымен қатар, «Жетім» киносына түседі. Гонконгта бокстан мектепаралық сайыстарға қатынасады. Гари Элимсмит атты жеңімпаздың титулын өзіне алады. Осыдан кейін шынайылап спортқа баруға бел буады. Сондай-ақ, Кунг-фуды ұнатады. Алғашқы үш күнде әдісті меңгереді. Қиын да ауыр «Винчун» жолын таңдайды. Бұл XV ғасырда пайда болған, будда монахтарының айрықша тәсілі еді. Күнне 5 шақырым жүгірді. 100 реттен жерден дене көтеріп жаттықты. Акробатикамен айналысты. Қоян-қолтық ұрысты игерді. Ежелгі қытайлықтардың жекпе-жек өнеріне қанықты.

Жекпе-жек өнеріне «Сау ду» әдіс-тәсілін енгізді. Бұл дегеніміз, шабуылдаушының тамағына лезде соққы жұмсау дегенді білдіреді.

АҚШ-тағы сәттері

Қиын шешімдер қиын сәттерде қабылданады. Басқалай соқпақ жоқ. Анықталған аксиома осы.

Ол Гонконгтың мафиялық топтарына да қосылған. Бойында қорқыныш сезімі болмапты. Өзімен қанжар, шынжыр сынды қорғаныш құралдарын алып жүріпті. Осы мінезінен ата-анасы оны Америкаға жібереді. Онда мейрамханаларда жұмыс істеді. Жұмыстан соң жекпе-жек өнерінің сайыстарына машықтанды. Дене бітімін сақтады. Өзін одан әрмен шындады. Бос уақыттың бәрін Кунг-фу секциясында өткізді. Сиетлдағы көштердің бірінде жекпе-жек өнерін көрсетті. 30 секундта қарсыластың төбесіне отырып, көпшілікті таңқалдырды. Сөйтіп, танымалдылығы артты. Жанына жаңа достарды жинады. Жергілікті мектепте қытай философиясынан да дәріс берді. Өзі қытайлық ұрыс өнеріне шәкірттерді үйретті. Бірақ бағасы тым қымбат еді. Дегенмен, қалталы азаматтар ақшаны аямады. Линда есімді шведиялық қызға үйленді. Бір ұл, бір қызы дүниеге келді. Оның қатысуымен атакты «Тентектің жұдырығы», «Айдаһар жолы», «Үлкен бос», «Өлім мұнарасы» сынды т.б. фильмдері әлемге танылды.

Сүйікті істері

Адам жаны сұлулықты сүйеді. Әсемдікке құмар келеді. Мұны ерекше жандардың құпиясы, ашылмаған сыры дер едік.

Брюс Ли де сымбатты жүруді құп көрген. Киімге қатты мән берген. Тазалықты ұстанған. Бірақ оны гонконгтық достары түсіне қоймады. Анасының баласы деп сыртынан мысқылдады. Жалтыраған аяккіім, костюм, жіңішке галстук тақты. Өзіне қалай ұнайды, солай киінді. Еуропалық пішінде жүруге тырысты. Тамақты талғап жеді. Өзін күте білді.

Өмірден ерте өтуіне байланысты түрлі аңыз бар. Ашық деректер бойынша 32 жасында жүрек талмасынан қайтыс болды. Ендігі бір нұсқада фильмдердің кезекті дубляжында әдейі атып тастаған деседі. Өзі өмірден өткенімен, артында аңызға бергісіз игі істері қалды. Осылайша дүние жүзі тарихында ойып тұрып орын алды.

Айтарымыз бір ғана нәрсе. Данышпан Абай ағамыз «Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» дейді. Жас өрен, арманшыл қанатыңыз талмасын!

Бетті әзірлеген Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ШАХМАТ

АЛТЫНДЫ
ЕНШІЛЕДІК

Қазақ халқы есеп-қисапқа жақын. Жылдам ойлап, тез шешім шығару қанда бар қасиет.

Еліміздің шахматшылары 3 алтын медаль жеңіп алды. Жаһандық жарыс Грекияда өтті. Жалпы есепте World Youth Rapid Championships турнирінде 5 медаль қанжығалады. Қазақстан шахмат федерациясының мәліметінше, 18 жасқа дейінгі жастар арасындағы рапидтен әлем чемпионы атанған ФИДЕ шебері Қазбек Нөгербек бұл жолы Қазақстан қоржынына блиц шахматтан алтын медаль салған. Ал блицтен 18 жасқа дейінгі қыздар арасындағы әлем чемпионатында 17 жастағы шахматшы, әйелдер арасындағы халықаралық шебер Назерке Нұрғали алтыннан алқа тақты. 14 жасқа дейінгі ұлдар арасындағы жарыста күміс жүлде кеше рапидтен қола жүлдегер атанған Даниял Сәпеновке бұйырған.

ТЕННИС

ЖОЛДАМА
БІЗДЕ

Қазақстанның 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер құрамасы тұңғыш рет әлем чемпионатында бақ сынау мүмкіндігіне ие болды.

ҚТФ баспасөз қызметінің мәліметі бойынша, Үндістанның Нью-Дели қаласында өткен Азия/Тынық мұхит аймағы іріктеу турнирінде қазақстандықтар 3-орынға ие болды. Қазақстан жасөспірімдер құрамасы 3-орын үшін бәсекеде Тайландпен сынға түсті.

Бірінші ұпайды Дамир Жалғасбай әперді. Жас қазақстандық теннисшісі бірінші партияда 2:6 есебімен есе жіберсе, екінші сетте 1:4 есебімен жеңіліп жатып, таразы басын өзіне аудара білді. Үшінші, шешуші партияда есеп 3:5 болған мезетте тайландтық теннисшінің екі матчболын пайдалануына мүмкіндік берген жоқ. Сосын тағы бір брейк жасап, жеңісті жұлпып алды – 7:5. Бұдан кейін Заңғар Нұрланұлы қарсыласын 6:2, 6:1 есебімен тізе бүктірді. Есеп – 2:0, Қазақстанның пайдасында.

Осылайша Қазақстан жасөспірімдер құрамасы алғаш рет биыл күзде өтетін әлем чемпионатының финалдық кезеңіне қатысады. Сонымен қатар, ересектер арасындағы Қазақстан-ның ерлер және әйелдер құрамасы да күзде ұйымдастырылатын әлем чемпионатында бақ сынаиды.

«Бүгін атаулы күн, қазақстандық шахматтың қазынасы марапаттармен толықты. Кадеттер арасындағы жылдам және өте жылдам шахматтан әлем біріншілігінде қазақстандықтар 3 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль жеңіп алды. Біздің чемпиондарымызды, олардың жаттықтырушыларын, ата-аналарын және олардың табысты өнер көрсетуіне ықпал еткен барша жанды құттықтаймын!», – деді қазақстандық шахмат федерациясының атқарушы директоры Әнуар Исмағамбетов.



БОКС

Жуырда ғана кәсіпқой боксқа ауысқан бокстан ұлттық құраманың екі өкілі, қазақстандық Suleimen Promotion компаниясымен жұмыс істейтін Абылайхан Жүсіпов пен Әбілхан Аманқұл мамыр айында АҚШ-та дебюттік жекпе-жектерін өткізеді.

ЖЕҢІСТЕН
ҮМІТТЕНЕМІЗ

Екі боксшымыз да орта салмақта өнер көрсететін жерлесіміз Жәнібек Әлімханұлының (11-0, 7 KO) алдағы кездесуінің андеркардында жұдырықтасатыны белгілі болды. Бұл – 2017 жылғы әлем біріншілігінің және 2018 жылғы жазғы Азия ойындарының күміс жүлдегері, Азия чемпионатының қола жүлдегері Әбілхан Аманқұл үшін кәсіпқой бокс әлеміндегі алғашқы жекпе-жегі болса, ұлттық құраманың капитаны, үш дүркін әлем чемпионатының қола жүлдегері, Азия біріншілігінің қола жүлдегері Абылайхан Жүсіповтің екінші айкасы.

Айта кетейік, Ж.Әлімханұлы өзінің келесі кездесуін 21 мамыр күні Лас-Вегас (Невада штаты, АҚШ) қаласында өткізеді. Оның қарсыласы – ұлыбританиялық Дэнни Дигнум (14-0-1, 8 KO). Бұл кездесуде WBO ұйымының «уақытша» чемпиондық атағы сарапқа салынады.



МӘМС

СЕМІЗДІК

әлемдік деңгейдегі мәселеге айналып отыр



Алматыдағы №7 ауруханада семіздікке шалдыққан 4 пациенттің асқазанына МӘМС шеңберінде ота жасалды. «Бүгінгі таңда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру енгізілгені бері қазақстандықтар семіздікті емдеуге арналған қымбат операцияларды жасатуға мүмкіндік алды», – деп хабарлайды қалалық клиникалық аурухананың баспасөз қызметі.

Семіздіктен зардап шегіп жүрген 4 пациенттің бірі – 40 жастағы әйелге де жасалған лапароскопиялық бариатрия сәтті аяқталды. Науқастың жылдар бойғы күресі нәтиже бермеген соң, ота жасатуға бел буған. Семіздік салдарынан салмағы 103 келіге жетіпті. Сәтті жасалған отадан кейін әйел бірден №2 хирургия бөлімшесіне ауыстырылды. Қазір пациенттің жағдайы бірқалыпты, өз бетінше жүріп-тұрады.

Лапароскопиялық бариатрия – артық салмақты реттеп, семіздік салдарынан болатын артериалды гипертензия, жүректің ишемиялық ауруы сынды ілесіп дерттерді емдеуге мүмкіндік беретін заманауи әдіс. Отаның бұл түрі біздің клиникада 2019 жылдан бері жасалып келеді. Бірлескен отаны аурухананың хирургия бөлімі меңгерушісі Мұса Сахипов пен белгілі хирург Орал Оспанов жасап жүр.

Дәрігер Мұса Сахиповтың айтуынша, ота адамның жасына, қосымша аурулары мен зат алмасу процесіндегі ерекшеліктерге қарай жасалады. Манипуляциядан кейін пациент шамамен 15-тен 80 келіге дейін салмақ тастайды. Мамандар дерегіне сүйенсек, отадан кейін жалғанған ішектердің жүрмеуі, анастомозда жара пайда болуы сынды асқынудар саны азаяды. Сонымен қатар, операция ұзақтығы, ауруханада жату мерзімі де азаяды. Заманауи қондырғылар пациенттің тез арада аяққа тұруына мүмкіндік береді.

Көрсетілімдерге байланысты және жоспарлы түрде жасалатын отаның құны шамамен 600 мың теңге. Жоғары технологиялы ота ақысы МӘМС пакеті арқылы төленеді, бірақ пациент операцияға қажетті бір реттік материалдарды өзі сатып алады.

Мамандар дерегінше, артық салмақ атеросклероз, гипертония, инфаркт, инсульт, кант диабеті, асқазан-ішек ақауы, артрит, репродуктивтік жүйе қызметінің бұзылуы сынды ауруларға әкеп соқтырады. Хирургиялық ота жасау туралы шешім дәрі-дәрмекпен емдеу нәтиже бермеген күрделі жағдайларда ғана қабылданады.

АНЫҚТАМА

- Қазіргі таңда семіздік әлемдік деңгейдегі проблемаға айналып отыр. ҚР Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының дерегінше, ел халқының 20%-дан астамы семіздікке шалдыққан.
- Ал Еуропа халқының 60%-ы артық салмақтан зардап шегеді. Мамандар кәрі құрлықта тұратын балалардың үштен бірінде осы проблема барын айтады. Семіздікке шалдыққандар саны, әсіресе, пандемия кезінде артқан. Өйткені, жұрт көп уақытын үйде өткізіп, спортпен аз шұғылданған.
- ДДСҰ мәліметіне сәйкес, жыл сайын артық салмақтан миллионнан аса адам көз жұмады.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

СӘТТІ ОТА

ЖҮРЕКТІҢ ЕМІ – КҮЛКІ

Алматыдағы Кардиологиялық орталықта қолқа қақпағын транскатетер арқылы имплантациялау операциясы сәтті жасалды.



Нұржамал ӘЛІШЕВА

Бүгінгі таңда 65 жастан асқан науқастарда қолқа қақпақшасын ауыстыру жүрек-қан тамырлары хирургиясында кең таралған операциялардың біріне айналған.

– Осы жас тобындағы науқастар үшін кардиопульмональды шунтпен ашық операция жасау жоғары тәуекел болып табылады және бұл жағдайда транскатетерлі қолқа протезін имплантациялау (TAVI) ұсынылады. Бұл операция аз инвазивті: ол флюорографияның бақылауымен аз қан жоғалтумен және жүрек-өкпе аппаратын пайдаланбай

шағын кесу арқылы орындалады. Мұндай процедура ақауды тиімді түзетеді, – дейді рентгенхирургия бөлімінің меңгерушісі Оразбек Сахов.

Мұндай күрделі ота жасалғандардың бірі – алматылық Людмила Орманова. Ол отадан кейін өзін жақсы сезінгенін айтады.

– Дәрігерлерге зор алғысымды білдіргім келеді. Жүрегім мені көп мазалаушы еді. Енді осы отадан кейін өзімді қайта туғандай сезіндім, – дейді пациент.

Тақырыпқа орай айта кетсек, Алматы қалалық Кардиологиялық орталығы бұл операцияны екінші жыл қатарынан жасап келеді және қала тұрғындарына осындай күрделі ота жасау мүмкіндігі бар екенін еске салады.

- Жүрек күніне 100 мың рет тоқтаусыз соғады. Түшкірген кезде жүрегіміз соғуын тоқтатып тұрады. Жүректің күнделікті беретін қуатына автокөлікпен 32 шақырым жол жүруге болады.
- Әйелдердің жүрегі еркектерге қарағанда тез ұрады. Жүректің көлемін білгіңіз келсе, екі жұдырықты біріктіріңіз, бұл – сіздің жүрегіңіздің өлшемі.
- Адамның жүрегі – дененің дәл сол жағында емес. Шын мәнінде, ол кеуденің ортасына қарай орналасады. Жүрек 75 триллион жасушаны қанмен қамтамасыз етеді.
- Адамзат тарихында, жүректің ауруынан қайтыс болған адамдардың саны барлық соғыстарда қаза болған адамдардың санынан көп.
- Жүректің жұмысын жақсартудың ең керемет жолы – күлкі. Эмбрионның жүрегі жүктіліктің 4-ші аптасынан бастап соғады екен.

БРИФИНГ



КЕНЕДЕН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте инфекционист-дәрігерлер кене шаққанда не істеп, қалай қорғану керектігі жөнінде кеңестер берді. Себебі, дәл қазіргі маусымда кенеден болатын қауіп жоғары.



Досбол АТАЖАН

Әдетте қансорғыш жәндіктердің алғашқы белсенділігі сәуір мен мамырдың жылы күндеріне түсіп, маусымға дейін жалғасады. Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы қабылдау бөлімінің меңгерушісі Бауыржан Омаровтың айтуынша, 1–30 сәуір аралығында мекемеге кене шаққан 40 ересек адам жүгінген. Оның ішінде 16 пациенттің денесіндегі жабысқан кенені жарақат пунктіндегі мамандар алып тастаған болса, 15 адам кенені өз бетінше алған. Ал 9 тұрғын кенені өздері алып тастаудан қорқып, мамандарға келген.

«Барлық науқасқа кене энцефалитіне қарсы иммуноглобулин егілді. Олар кененің Медеу, Көктөбе, Көлсай, Шымбұлақ, Алма-Арасан, Бутаковқа және аудандық саяжайлар аумағында шаққанын айтты», – деп атап өтті Бауыржан Омаров.

Дәрігердің айтуынша, кенелер қазан айына дейін қауіпті. Бірақ қазіргі уақыт ең белсенді маусым. Сондықтан мамандар табиғат аясына шыққан кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау өте маңызды және екпе алуы жоспарлаған жөн деп отыр.

«Кенелер саябақтарда, серуен жолдарында, биік шөптер арасында болуы мүмкін. Олардың үлкен кластері көбіне таулы жерлерде болады. Кенелер күн сәулесін ұнатпайды, сондықтан олар көлеңкеде жасырынады», – деді ЖШККА қабылдау бөлімінің меңгерушісі.

И.С.Жекенова атындағы қалалық клиникалық инфекциялық аурухана бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, дәрігер-инфекционист Тамара Утаганова бытыр Алматыда энцефалит ауруы тіркелмеген болса, биыл дәрігерлер екі адамның ауырып жатқанын, олардың әлі емделіп жатқанын айтты. Оның айтуынша, кене энцефалитіне қарсы вакциналау, әдетте таулы жерлерде тұратын тұрғындарға, сондай-ақ кәсіби қажеттілігі бар адамдарға көрсеті-

леді. «Вакциналау ерте көктемде немесе күздің аяғында басталады. Өйткені, иммунитет кене шақпас бұрын қалыптасуы керек. Екпе үш рет жүргізіледі», – деді Т.Утаганова.

Айта кеткен жөн, Алматы қаласы аумағында 2022 жылғы 5 сәуірден 30 сәуірге дейінгі аралықта жалпы ауданы 2424,54 га болатын орман және қалалық саябақтар мен алаңдар аумағында кенелерге қарсы өңдеу жұмыстарының бірінші кезеңі аяқталды. Өңдеу жұмыстары аясында 8 орманды алқап (көлемі – 1904,924 га) және 144 қала саябақтары мен алаңдары (көлемі – 519,616 га) қамтылды. Оның ішінде аудандар бойынша: Алатау ауданы – 2,93 га; Алмалы ауданы – 46,7 га; Өуезов ауданы – 17,97 га; Бостандық ауданы – 439,314 га; Жетісу ауданы – 50,05 га; Медеу ауданы – 1526,76 га; Наурызбай ауданы – 154,716 га; Түрксіб ауданы – 186,10 га жер өңделді.

Кене энцефалитіне қарсы өңдеу жұмысының екінші кезеңі 2022 жылғы мамыр айының екінші онкүндігінде басталады. Дезинсекциялық іс-шаралар республикалық бюджет қаражаты есебінен қаланың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметі мамандарының тікелей бақылауымен Алматы қаласы бойынша «Дезинфекциялық орталық» филиалымен жүргізілді.

Дезинфекциялық өңдеуге 19 даярланған мамандардан құралған 2 дезинфекциялық бригада жұмылдырылды. Кенеге қарсы өңдеу жүргізу үшін қажетті жабдықтармен: 6 ыстық тұманды термогенератор, 3 суық тұманды термогенератор, 2 – он екі литрлік моторлы бүрікіш, 10 – бес литрлік гидропулыт, 2 – автокөлікпен жабдықталды.

Дезинфекциялық өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін қауіпті емес 4 класқа жататын инсекті-акарицидтік «Фаворит» препараты қолданылды (адамдар мен жануарлар үшін қауіпсіз).

Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларының мамандары кенеге қарсы өңдеу шараларының тиімділігіне бақылау жүргізуде.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

КОВИД ЕШҚАЙДА КЕТКЕН ЖОҚ

«Стелс-омикрон» – пандемияның ең жұқпалы штамы деп отыр ғалымдар.

Нақтырақ айтсақ, ресейлік тұтынушылар құжығын қорғау орталығы жүйелендіру технологиялары негізінде диагностиканың жаңа әдістерін әзірлеу ғылыми тобының жетекшісі Камилль Хафизов мутацияға ұшыраған «стелс-омикрон» аса қауіпті дейді. «BA.2 үлесі үнемі өсіп, барлық жаңа жағдайлардың 90%-дан астамына жетті, бұл «жасырын омикрон» пандемия тарихында біз көрген барлық нәрселердің ішіндегі ең трансмиссивті екендігі туралы ақпаратпен толық сәйкес келеді», – деді К.Хафизов.

Өз кезегінде қытай ғалымдары «омикрон» мен «стелс-омикронның» пайда



болуының жаңа нұсқасын атады. Коронавирустың бұл штамы SARS-CoV-2 нұсқасынан мутацияланған болуы мүмкін, ол алдымен адамнан мысыққа, содан кейін мысықтан тышқанға өтіп, содан кейін кеміргіштен адамға қайта оралды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

«Әр жастың адамға берер несібесі бар»



«Театр – сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі» демекші, осы салада талантымен талайды тамсандырған Меруерт Омарбекова апайымыз 60 жасқа толды. Киелі сахнада түрлі образдарды дүниеге әкеліп, өзгеше жан бітірді. Мәселен, ол «Түлкі бикеште» басты кейіпкер – Денизаның рөлін сомдау арқылы елге етене танылды. Ол 30 жылдай Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрында еңбек етті. Өнерім – өмірім деп, сахнаға жан-тәнімен берілген талантты актрисамен болған сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

– Әңгімемізді өзіңізден, өнерге келуге ықпал жасаған жәйттардан бастасақ.

– Киелі Түркістан жерінде дүние есігін аштым. Әкемнің жұмысына байланысты Жезқазған қаласына қоныс аудардық. 1979 жылы 16 жасымда Театр және Көркемсурет институтына оқуға тапсырдым. Алғашында драма жанрына тапсырамын деген үмітпен келгенмін, қабылдау комиссиясына өз өнерімді де көрсеттім. Марқұм Шолпан Жандарбекова апайымыз «Сен қыз әнді де айтады екенсің, бидің де түбін түсіресің, саған Кәукен Кенжетас ашып жатқан музыкалық Театр артисі факультетіне бару керек қой», – деп жөн сілтеді. Ауылдағыларға драма актрисасы боламын деп айтып қойғанмын. Анашым «Сені Никулиннің оқуына жібердік пе?», – деп ұрысып та алды. Алайда, бағымды сынап, осы факультетке құжатымды тапсырдым. Оқуға түскендердің көбісі дерлік майталман әншілер – Роза Рымбаева, Майра Илиясова, Құдайберген Бекіш сынды әртістер болатын. Тобымызда екі-ақ адам мектептен кейін келген. Соның бірі мен едім, қатарымның алды болуға ұмтылдым. Сабақтарымыз да қалдырмай орындап жүрдім. Ұстазым Рахиям Машурованың берген білімі күні бүгінге дейін азық болып келе жатыр. Көпшілігіміз өнердің баспалдағын сол кісіден бастаған едік. Саған білім мен тәжірибені береді де, сол берген білімді сенен алатын да еді. Бір кездері Тұңғышбай Жаманқұлов ағамыз да сабақ берген болатын. Ол кісіден тәлім тәрбиені де, білгендерін де бойымызға сіңірдік. Жалпы айтқанда, алдымыздағы абыздарымыздың, нақтылап айтсам, Бикен Римова, Шолпан Жандарбекова, Жамал Жармұхамедова, Нұрмұхан Жантөрин, Әнуар Молдабеков ағаларымыздың еңбектерін көріп өскендіктен, алға қарай дамымау мүмкін емес еді.

– Оқу бітіре сала, бірден Әуезов атындағы драма театрына жұмысқа орналастыңыз ба?

– 4 жылдық білімнен кейін Семейге тәжірибе жинауға аттандым. Бір жыл келесінде сол жақтағы театрда жұмыс жасадым, басты рөлдерді сомдадым. Тұрмыс құрдым, жолдасым алматылық болғандықтан, ару қалаға қайта оралдым. Ортада бір жыл өткеннен соң, Алматыдағы Әуезов атындағы драма театрына келуге бел будым. Мұнда мені құрбым Роза Рымбаева күтіп алды. Өзіме сәл сеніксіремей, құрбыма театрға алып баруға өтініш жасадым. Не дегенмен, танымал әнші ғой, айтқанына бола алып қалар деген үміт болды. Екеуміз театрға кірдік. Әзірбайжан Мәмбетов ағамыз отыр екен, жайлап ыңғайымызды білдіре бастағанымызда, ол кісі Розаға қарап: «Сен өнерге біреу арқылы келдің бе?», – деп сұрады. Сонда Роза тұрып: «Жок, өзім келдім», – деп жауап берді. Әзірбайжан ағамыз: «Мен де өзім келдім, ендеше бұл қыз неге өзі келмейді?», – дегенде, Роза тұрып: «Меруерт өте талантты қыз, талай рөлдерді сомдаған, оны мен білгенмен, сіз білмейсіз ғой», – деп жауап берді. Сонда Әзірбайжан ағамыз театрда қазірше орын жоқ екенін, бірақ әзірге келіп жүруіме болатынын айтты. Арада алты ай уақыт өтті, театрға күнде келуімді тоқтатқан жоқпын. Әдеттегідей, күндердің бірінде Әзірбайжан ағамыз аяқастынан: «Қане, өнерінді көрсет!» – дегенде, аяқасты сасып қалдым, бұл менің соңғы үмітім секілді көрінді. Қолымнан бар келгенін аямадым, әнді де айттым, биді де биледім, монолог та оқыдым. Осы еңбегімді бағалап, ақыр соңында театрға алды.

– Алғаш қандай рөлдерді сомдадыңыз? Қиындықтар туындаған кездер болды ма?

– Киелі шаңыраққа қабылданғаннан кейін қызықты рөлдерді сомдай бастадым. Мысалы: «Түлкі бикеште» – Денизаның, «Біздің класстың қыздарында»

– Шолпанның рөлдерінде ойнадым. Кейіннен Болат Атабаевтың «Махаббат – махаббат» спектаклінде Несібеліні сомдадым. Есте қалған қызық жағдай – «Түлкі бикеш» спектаклінде Дениза әнді көп айтатын образ болатын, мен өз дайындығымды көрсету үшін жетекшіні шақырдым. Бұл жерде бірінші әнге, одан кейін актерлік шеберлікке қарайтын. Әнді орындап шықтым, жетекші қабылдамады, екінші рет қайта тапсырдым, тағы да қабылдамады, содан не керек, жетінші рет дегенде әзер қабылдады. Бұл менің алғашқы рөлдерім болғандықтан, естен кетпестей болып есімде қалды. Содан кейін режиссер Әубәкір Рахимовтың «Бес бойдаққа бір той» спектаклінде Күйкетайды ойнадым.

Кейіннен өміріме үлкен өзгерістер енгізген, басқа жағымнан ашылуыма себепші болған талантты режиссер Болат Атабаев еді. Ол кісі өте талапшыл, жасандылықты жеккөретін адам болды. Спектакльде рөлді сомдағанда жасанды дауысты емес, жүректен шыққанын қалайтын. Театрға көптеген жаңалықтар алып келді. Соның бірі – басқаша ойлауды дамыту болатын. Яғни болмай тұрған шаруаны 180 градусқа бұрып, болатын қылып шығаратын.

– Театрдан бөлек, экран бетінен де сіздің актерлік өнеріңізді тамашалаған едік, осы жайлы қысқаша айта кетсеңіз.

– Шынымен де, біршама киноға да түсіп, бақ сынап көрдім. «Парыз» сериалындағы Асанның шешесінің рөлін сомдағанымда, кинода театрға қарағанда өзгешелік бар



екенін байқадым. Атап айтсақ, театрда образды ашу үшін әнмен, не болмаса бимен, іс-қимылмен көрсетуге болады. Ал кино саласы мүлде басқа, 90 пайызға эмоция болса, қалған 10 пайызы түсірілім мен өңдеу болып табылады. Осы жағынан аздап қиындықтар болғанмен, жалпы жаман емес, ол жақта да сәтті өнер көрсетуге болатынына көзіміз жетті.

– Көрермен қошеметі көңіліңізден шыға ма? Жас буын жайлы ойыңыз қандай?

– Менің байқауымша, соңғы жылдары көрермендер тарапынан театрға деген талап күшейіп келе жатқан сияқты. Әсіресе, жастар жағына басымдық беруі, бұл дегеніміз кісіні қуантарлық жағдай. Пандемия кезінде көрермен саны 50 пайыздан аспай отырса, пандемия басылып, шамалы еркіндік берілгеннен кейін залдық толып отырғанын көрген кезде жүрегіміз зырк етіп, үйренісе алмай қалғанымыз бар. Онымен қоса, театрда жас актерларға деген талап пен сұраныс артып келе жатыр. Оларға жасалып отырған жағдайлар да кісі қуантарлық. Мысалға айтсақ, таңертең би сабағы болса, түстен кейін вокал, акробатика сынды қосымшалармен қамтамасыз етілген. Арасында сол қосымшаларға өзім де барсам ғой деп әзілдеп қоямын. Осының арқасында қазіргі жастар шыңдалып, қай бағыт болса да іріп алып кететін болған. Өртіс адам сегіз қырлы бір сырлы болуы керек. Неге десеміз, театрда қатып қалған қағида жоқ, әртүрлі рөлдерді сомдау қажет болады, осылардың бәріне ішін мен сыртың бірдей дайын болғанда ғана еш қиындықсыз берілген бейнені жоғары деңгейде орындап шығуға болады. Міне, осыны негізге алатын болсақ, қазіргі жас актерларымыз өте дарынды және талапқа сай, жоғары деңгейде деп айтуға толық негіз бар.

– Өміріңізде болған ерекше жағдайлармен бөлісе отырасыз.

– Өнерде талантыңды ашып көрсете алу үшін әріптестеріңнің рөлі өте маңызды орын алады. Жаныңдағы әріптесіңмен үндесе білуді өнердің шыңы деп те айтар едім. Құдайға шүкір, мұндай әріптестер менде де болды. Бекжан Тұрыс, Дана Темірсултанова, Дулыға Ақмолда сынды әріптестерімнің арқасында спектакльді сәтті орындап, көрермен қошеметіне бөлендік. Асанәлі ағамыздың «Фархат–Шырын» спектаклінде ойнаған кезде 7 ай дайындық барысында 15 килограмға жуық салмақ тастадым. Асанәлі ағамыздың талабына сай болу үшін өте үлкен еңбек керек болды. Шыны керек, сомдаған рөлдерімнің ішінде қатты бір қиналған бейнем осы Мехмене Бану бейнесі болды. Себебі, бұл бейнеде тек актерлік шеберлік қана емес, дауыс та маңызды рөл атқарды. Сахнаның артқы жағында отырған көрерменге даусымызды дұрыс жеткізе алу үшін көп күш салдық. Бұл спектакльдің қиындығы – өзім ойнаған Мехмене Бану бейнесі – патшаның образы, ғашықтық сезім, бауырға деген мейірімділік, махаббатқа деген қызғаныш, кимастық, толқыныс сынды эмоцияларды өз бойына сіңірген үлкен образ болды.

– Енді отбасыңыз жайлы да айта кетсеңіз.

– Жалпы айтқанда, әрбір орындап шыққан образымның әрқайсысының жеке-жеке оқиғалары бар. Бірақ осылай өнерде жүргенімде отбасыма көңіл бөлуім аса оңай болмады. Бірақ мені түсініп, қолдап келген отбасыма, жолдасым, балама рахметімді айтамын. Жолдасым құрылысшы-инженер, көп оқыған, көзі ашық кісі. Әрқашан спектакльге келіп қолдау көрсетіп, қателіктерім болса, талқылап айтып отырады. Балам да мені түсініп, өз қолдауын аямайды. Балам да өнерге жақын өсті, арасында әртістердің балаларына жаны аштынын айтып отырады. Енді өнер адамы болғаннан кейін үйде болса да сахнадағы образды ойлап отырарсың ғой. Сондай сәттерде бала-шағамызға толық көңіл бөле алмай қалдым ба деп ойлап қаламын.

– Сөз соңында өз алғысыңызды кімге білдірер едіңіз?

– «Әр жастың адамға берер өз несібесі бар» демекші, сахнада жүргенімізге отыз жылдан астам уақыт өтіпті. Әлі де болса өз заманымызда өзімізге тән бейнелерді сомдап келеміз. Өткенді еске түсірсек, заманымыз қас қаққанша өте шыққандай көрінеді. Баяғыда бізге ақыл айтатын ақ самайлы аналарымыздың орнына өзіміз келіп, жас буынға өз тәжірибеміз бен тәрбиемізді беріп жүрміз. Бұл да болса Алланың бізге берген нығметі болар. Осы уақытқа дейін қолдап, қошеметтеп келген отбасыма, жақындарыма және көрермендерге алғысым шексіз!

Сұхбаттасқан Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

Отанды сүю – ең ұлы сезім



Алматының барлық мектептерінде «Ерлік сабақтары», сынып сағаттары, мәнерлеп оқу және эссе байқаулары өтеді.

Еңбек елеусіз қалмайды



Мереке қарсаңында Ішкі істер, қорғаныс, төтенше жағдайлар органдарының ерекше көзге түскен қызметкерлеріне Алғыс хаттар табыс етіледі.

Ерлікке тағзым



Алматыда үш күн бойы, 7–9 мамыр аралығында қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан сарбаздардың ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімі өтеді.



КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

«Ине-жіп ұстамай отыра алмаймын»

немесе ісмер жас ана туралы біреф сөз



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Сәлима бүгінде жары екеуі төрт ұл тәрбиелеп отыр. Алматыдай алып мегаполис жас отбасын жатырқаған жоқ, бірден құшағына алды. Себебі, екеуі де «маған үкімет бірдеңе берсе» деп емес, «өз күнімізді өзіміз көрейік, жақсылыққа қарай қол созайық, сөйтіп бақытты болайық» деп келген болатын ауылдан. «Жанамын деген жүректерге от берген» Алматының сенімін ақтап жүрген секілді қазір. Бәрін басынан айтайықшы.



Аңыз-әңгіме

Сәлима Серікқызы қарапайым, қазақы дәстүрді ұстанған отбасында, қазақы ауылда дүниеге келген. Анасы Нағиманың тігінге жақындығы бар. Іс тіккеннен қалған маталардың қиындыларынан Сәлиманың қуыршақтарына әдемі көйлектер, сүп-сүйкімді шалбарлар тігіп беретін. Бір қызығы, анасы дүкеннен алып келген көйлегін сол күйінде кие салмайтын, әйтеуір бір жерін қиып, қысқартып, қайта тігіп, басқа бірденелер жапсырып жүретіні есінде. Балабақшада, мектепте өтетін мерекелік іс-шараларда кішкентай Сәлима өзгеше киініп шығатын. Бірде чебурашка болып шықса, келесіде жарқырап күн болып тұратын. Ана қанымен дарыған қолөнер Сәлиманы ақыры осы кәсіпке алып келді.

– Әлі есімде. Бала күнімде әжеме кітаптардан аңыз-әңгімелер оқып беретінімін. Сондағы бір оқиға да әлі жадымда. Шағын ғана әңгіме кейіпкері Сәлима деген қыз күндердің күнінде алысқа ұзатылады. Анасы «Барған жеріңе тастай батып, судай сің» деп өсиетін, ұлағатын айта келе: «Үстіңе бір сабақ жіп болса да күніге іліп жүр, қызым!», – дейді. Арада жыл өтіп, анасы қызын сағынып, артынан барса, үстібасы жіп-жіп, сабақ болып қызы алдынан шығып тұр дейді. «Мынауың не, қызым?», – деп таңданған анасына: «Өзіңіз айтпап па едіңіз, күнде үстіңе бір сабақ жіп болса да іліп жүр деп», – дейді. Ал анасы «олпы-солпы болма, жан-жағыңды ұқыпты, киімдеріңді бүтін ұста, қолың бос болмасын, іс істеп, жыртығың болса да жамап жүр» дегенді меңзеген ғой. Сол айтқандай, әйел заты ретінде күніге бірдеңе тігуге тырысамын. Қолыма ине-жіп ұстамасам, отыра алмаймын, – деп күледі Сәлима.

Мөлдір моншақтар

Жоғары оқу орнында оқып жүргенде де тігінге аса қызықтым деп айта алмайды. Қалада әкесінің қарындасының қолында тұрып оқығасын, тігіншілікпен айналысқан сол кісіге сабақ арасында көмектесетіні бар-ды. Университетті «қызылға» бітірді. Қиындау кезең. Іскер бірнеше қыз ақылдасып, зерлеу цехына жұмысқа тұрады. Одан бірнеше сән салонында, перделер тігетін салонда да істейді. Соның бәрі Сәлимаға үлкен тәжірибе мектебі болды. Жұмыс істеп жүрген сән салонына пандемия кезінде тапсырыстар азайып, қызметкерлер ақысыз демалысқа кетті. Отағасының жалғыз қаражатына қарап отырғысы келмей, мектепке жұмысқа кірді. Төртінші ұлын босанып, қазір баламен үйде отыр. Сол баяғы әдетпен жәй отыра алмайды. Қолынан ине-жібі түспейді. Отағасын жұмысқа, балаларын сабаққа жіберіп, бөбегін ұйықтатып қойып, моншақтарын түзеді. Көбіне қол жұмысымен айналысады. Түрлі сапалы маталардан бантиктер тігіп, оның бетін майда моншақтармен көмкереді. Ободок, шаш қыстырғыштарға да орналастырылатын әрбір моншақтың, канительдің біркелкі, түзу орналасуына қатты мән береді. Балалардың

мерекелік концерттерге тағуына болатын ою-өрнекті белдік те тігеді. Қолға алған жұмысын үлкен, кіші деп бөлмейді, бәрін де ықыласпен тігеді. Тігетін бұйымдарына кететін шикізаттар қымбат болса да, дайын өнімдерінен түсетін табыс асып-төгіліп жатпаса да, барына қанағат етеді. Ең бастысы – сүйетін, жүрегін тынышттыққа бөлейтін кәсібі бар.

Трендте – тақия

09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.00 Ем болсын
10.10 Жүйріктер
10.30 «Саморазвитие» – Маржан коуч
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Ой-талқы
13.10 Ем болсын
13.20 «Қышқыл – Мысқыл»
13.40 Проза параграфы
14.10 Емен жарқын
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «7 келін-5» – телехикая
17.10 Тамашаліке
17.40 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Talim Speakers
18.50 Биомэн
19.00 Руханият
19.40 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Идея
21.10 25-сағат
22.00 Жанұя – көркем фильм
23.30 Рухани байлық



АСТАНА

06.00 «Кэбэк» корей телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
11.20 «Ұлым» түрік телехикаясы
12.20 «Күлпаштің хикаялары» Сериал
18.45 «Ду-думан» шоу
20.00 «Астана кеші көңілді»
21.00 «Әйел тағдыры» түрік телехикаясы
21.55 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
23.50 «Каникулы в Тайланде» х/ф
01.10 «Астана кеші көңілді»
02.00 Шоу «Ду-думан»
03.00 «Үздік әзілдер»



«Шашу» телехикаясы. «Хабар» арнасы. Сағат 13.00-де.

ЖЕКСЕНБІ
15 МАМЫР

Almaty™ АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Концерт
8.30 Детский кино клуб
9.30 Детский кино клуб
11.00 Отандық кино
13.00 Әсем әуен
14.00 Үздік әзілдер
15.00 Женский кино клуб
19.00 Концерт
20.45 Телехикая.
«Гюмюш»
89 серия
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Алматинские истории
2.25 Алматинские каникулы
2.55 Алматы тұнған тарих
3.15 Алматы кеші
4.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
6.45 «Күміс көмей». Ұлттық-музыкалық танымдық бағдарлама
7.25 «Talpy»
8.00 «AQSAҮҮТ»
8.25 «Сағындырған әндер-ай». Концерт
10.00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая
12.00 «Qazaqstan дауысы. Балалар»
14.00 Дисней ұсынады. «Ральф». Мультфильм (АҚШ, 2012 ж.)
15.45 Концерт
17.25 «КҮЙ-КЕРУЕН»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая
20.00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир
20.40 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ
21.05 Нұрболат Абдуллиннің концерті
22.25 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая (с субтитрами)
23.25 «Әзіл әлемі»
0.40 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
1.30 Деректі фильм
1.55 «Aqsaуut»
2.15 «Күміс көмей». Ұлттық-музыкалық танымдық бағдарлама
3.00 «Жәдігер»
3.20 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Кино. «Больше, чем кино»
7.00 Телехикая марафоны. «Көршілер»
8.45 «Самопознание»
9.00 Концерт
11.00 Кино
13.00 Телехикая марафоны. «Шашу»
14.00 Тұсаукесер!
«Маска»
2 маусым
16.00 Кино. «Свадьба на троих»
18.00 Мегахит. «Человек ноября»
20.00 Хит жазамыз
21.00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
22.00 «Большая неделя». Прямой эфир
23.30 Телехикая марафоны. «Кебенек»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (қайталау)
09.00 TeleBingo.
Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Анимационный фильм «Коати. Легенда джунглей» (повтор)
12.00 КИНО. Нурлан Коянбаев в комедии «Каникулы в Тайланде» (повтор)
14.00 КИНО. Дженнифер Лопес, Айс Кьюб в боевике «Анаконда» (повтор)
16.00 КИНО. Джонни Месснер в боевике «Анаконда 2» (повтор)
18.10 КИНО. Джош Хартнетт, Юэн Макгрегор в боевике «Чёрный ястреб»
21.00 «Bizdin show»
23.00 КИНО. Милла Йовович в боевике «Обитель зла. Возмездие» (повтор)
01.00 Тамаша live (қайталау)
02.00 Әзіл студия
03.00 Әзілдер күнделігі
04.00 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.30 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8.00 «P@UTINA» бағдарламасы
8.55 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.10 Дарья Плахтий, Вера Шпак, Всеволод Болдин в многосерийном фильме «ЧАСЫ С КУКУШКОЙ»
12.50 Фильм «АЛЕКСАНДРА И АЛЕША»
14.40 «ДИВЕРСАНТ. ИДЕАЛЬНЫЙ ШТУРМ». Многосерийный фильм
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Премьера. Кирилл сафонов, Мария Андреева, Наталья Рудова в многосерийном фильме «БЕЗ ПАМЯТИ»
1.00 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?». Весенняя серия игр
2.00 «P@UTINA» бағдарламасы
2.45 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
4.15 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
До 4.45

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Гү-гулет»
07.00 Т/х «Япырай»
07.30 Т/п «Құтты қонақ»
08.00 Jaidarman
09.00 Шоу «Маска»
12.00 Х/ф «Хоббит. Битва пяти воинств»

15.00 Т/п «Саяхаттан дырылмаған-дықтарыңыздан»
16.00 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
16.30 Т/х «Пизнесмен Қанат»
18.00 Салем, Қазақстан!
19.30 Т/х «Аппақ келін»
21.00 Х/с «Сильная женщина»
01.20 Х/ф «Мой шпион»
03.20 Jaidarman
04.00 Скетчком «Q-елі»
05.10 Т/п «Қуырдақ»

KTK

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
07.50 «ЭНДЕР МЕН ЖЫЛДАР»
10.00 «ЮМОРИНА»
12.20 «ПРЕКРАСНЫЕ СОЗДАНИЯ», мелодрама (повтор)
16.10 «АРМАН», көркем фильм
17.30 «ЭНДЕР МЕН ЖЫЛДАР», Құдайберген Бекіштің ән-шашуы
20.00 «AQ МАМА», реалити-шоу. Тұсаукесер!
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 «ЛЮБОВЬ КАК МОТИВ», мелодрама. В главной роли Вера Алентова
23.40 «САМЫЙ ЛУЧШИЙ МУЖ», мелодрама
02.00 «АРМАН», көркем фильм (қайталау)
03.10-
04.10 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Ақтөбе» – «Тобыл»
9.10 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
10.00 ТЕННИС. Challenger 80. Тікелей эфир
12.00 «QAZSPORT алаңы»
12.40 «Жалындаған жастар жарысы».
Арнайы репортаж
12.55 БОКС. Әлем Чемпионаты. (Әйелдер) Квалификация. Тікелей эфир
17.55 Көркем гимнастикадан ҚР Чемпионаты. 3 күн
18.55 «СӘЙГҮЛІК СЫНЫ». 1-шығарылым
19.10 ХОККЕЙ. Әлем Чемпионаты. Элиталық бөлім. Франция – Қазақстан. Тікелей эфир
21.55 Специальный репортаж
22.10 ФУТБОЛ. «Доп дода». Тікелей эфир
22.50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
23.20 «Тәуекел тағылым». 6-бөлім. Деректі фильм
23.50 ФУТБОЛ. U-17 әйелдер арасындағы Еуропа чемпионаты. Финал. Тікелей эфир

1.55 Арнайы репортаж
2.15 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
8.10 «Қазына іздеушілер» Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
9.15 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
9.45 «Хайди» Мультхикая.
10.35 «Көңілді жексенбі» отбасылық сайысы
11.00 «Горм сақшылары» Мультхикая.
11.30 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
12.15 «Зак дауыл» Мультхикая.
12.45 «Мисс Кәусар» танымдық жобасы
13.00 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
13.35 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
14.35 Анимация. Отандық / «Қаһарман»
15.10 «Тәжірибе алаңы» танымдық бағдарламасы
15.20 Анимация. Отандық / «Жібек»
15.40 Анимация. Отандық / «Ағаш ат»
15.55 Анимация. Отандық / «Екі дос»
16.05 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
16.30 «Қазына іздеушілер» Мультхикая.
16.55 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»
17.20 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
17.40 «Смайликтер» Мультхикая.
18.05 «Хайди» Мультхикая.
18.55 Анимация. Отандық / «Қызықты энциклопедия»
19.10 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
19.35 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
20.00 Анимация. Отандық / «Бабалар ізі»
20.40 «Мисс Кәусар» танымдық жобасы
20.55 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
21.25 «Зак дауыл» Мультхикая.
21.55 «Горм сақшылары» Мультхикая.
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
22.50 Анимация. Отандық / «Қаһарман»

23.25 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Ем болсын
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 По душам
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Рухани байлық
13.10 Ем болсын
13.20 Тәлім trend (Қазақстан)
14.10 Тәлім History
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «7 келін-6» – телехикая
17.10 Менің Анам, Әкем
18.00 Өнер қырандары
18.50 Биомэн
19.00 Тәтті time – Рамазан
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.10 «7 келін-7» – телехикая
22.00 Talim Speakers
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 Orkeni style

АСТАНА

06.00 «Кэбэк» корей телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.20 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
11.20 «Ұлым» түрік телехикаясы
12.20 «БАС Лига КВН» -Фестиваль 2022 1/8 финала
14.40 «Алдараспан»
18.00 «Каникулы в Тайланде» х/ф
20.00 «SarapTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Әйел тағдыры» түрік телехикаясы
21.55 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
23.50 «Кенже» х/ф
01.30 «БАС Лига КВН» – Фестиваль 2022 1/8 финала
03.00 «Үздік әзілдер»



«Күй керуен». «Қазақстан» арнасы. Сағат 17.25-те.



ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМНЫҢ БІР БЕЛГІСІ

Қазір әлеуметтік желіні жиі пайдаланамыз. Барша жаңалықты содан оқимыз. Керек десеніз, қызықты мәліметті де осыдан іздейміз. Сонымен бірге, ол хат-хабар алмасудың да тікелей тетігіне айналды.



Егер бағамдап қарасақ, ол адамзаттың ақыл-ойының, эмоциясының көрініс беретін ортасына айналғандай. Оны әрбір салынған пост парақшасының астындағы пікірлерден байқаймыз. Оған пікір қосып, лайк батырмасын басатын да өзіміз. Мұны заманауи қоғамның бір белгісі деп білеміз.

Осыған орай, ұдайы пайдаланатын әлеуметтік желілер тізімін беруді жөн көрдік.



ИНСТАГРАМ

Бұл әлемдегі ең танымал мессенджер. Instagram — фотосуреттер және видео бөлісуге арналған әлеуметтік желілік онлайн қызмет. Оның көмегімен қолданушылардың фотосуреттер жасауға, оларға сүзгі қолдануға, сонымен қатар, оларды өзінің сервисі немесе басқа да әлеуметтік желілер арқылы таратуға мүмкіндіктері бар. Instagram фотосуреттерді Kodak Instamatic және Polaroid камералары сияқты шаршы пішінінде жасайды. Мобильді фотоқондырғылардың көбісі қабырғаларының 3:2 және т.б. форматты фото/видео қатынасын қолданады.

iPhone, iPad және iPod Touch құрылғыларымен iOS 4.3 пен, сонымен қатар OpenGL ES 2 қолдауымен Android 2.2 және жоғарырақ телефондарымен үйлесімді.

КЕРЕК ДЕРЕК

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық

Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

«БЕККЕР және К» ЖШС:

- сатушы-кассир;
- сауда өкілі;
- полуфабрикаттар дайындаушы;
- аспаздар;
- кондитерлер;
- жүк тиеушілер іздейді.

Тел.: 8 701 888 10 71.

«Garden Park Inn» қонақүйіне:

- мейрамханаға әкімші;
- бармен;
- қызметші;
- аспаздар;
- тазалықшы керек.

Тел.: 8 700 555 69 39.

«Қаз Тамож Сервис» компаниясына:

- импорт және экспорт бойынша бухгалтер керек.

Тел.: 8 777 970 70 29.

«Novus Polymer» ЖШС-ға:

- қаптаушы-ораушы;
- жүк тиеушілер;
- сапаны бақылау бөлімінің маманы қажет.

Тел.: 8 771 704 04 55.

«Almaty Resort» шипажайына:

- аспаздар;
- даяшылар;
- қызметшілер керек.

Тел.: 8 701 794 90 56.

«COMFORT TAXI» ЖШС-ға:

- такси жүргізушілері керек, жалақысы – 200 мың теңгеден жоғары. Берілетін көліктер – Hyundai Elantra, Kia Cerato, Rio, Accent 2020-2021 ж.ж., «коробка-автомат».

Талаптары:

1. Жасы 25–60 аралығы;

2. Сақтандырылу класының болуы (5-кластан жоғары). Тіркелген мекенжайы болу міндетті емес.

Жасалатын жағдай:

1. Автомобиль;

2. Көлікті жөндеу, жуу, жағар майы компания есебінен;

3. Өзге өңірлерден келетіндерге ТЕГІН

жатын орын беріледі. Өңгімелесуден өту үшін қажетті құжаттар:

- көлік жүргізуге құқылы құжаты (түпнұсқасы);
- жеке куәлігі (түпнұсқасы).

Байланыс тел.: 8 708 887 77 77, Егізбаев көшесі, 9 В, сағат 09.00–21.00 аралығы, демалыссыз.

«ГРРО» ЖШС-ға:

- асуы жұмысшылары;
- қоғамдық тамақтану технология керек.

Тел.: 8 771 718 50 72.

«ФИРМА «ЛЭУ» ЖШС-ға:

- көгалдандыру жұмысшылары қажет.

Тел.: 8 (727) 247-41-51.

«Нәзік» ЖШС-ға:

- кондитерлер;
- наубайшылар;
- аспаздар;
- жүргізушілер;
- даяшылар керек.

Тел.: 8 705 410 25 31.

«Алейрон»

баспаханасына:

- СНТ біліктілігі бар бухгалтер керек.

Тел.: 8 777 113 42 43.

«D.O.S. INVEST»

компаниясына:

- валютаны бақылау жөніндегі маман қажет.

Тел.: 8 707 422 24 88.

«MOTOCYCLOP»

мотоэкипировка дүкеніне:

- сатушы-кеңесші керек.

Тел.: 8 776 704 21 33.

«АГМ-ТАБЫС» ЖШС-ға:

- заңгер;
- слесарьлар;
- газ-электрмен дәнекерлеуші;
- экономист;
- инженер-метролог;

ФЕЙСБУК

Бүгінде әлеуметтік желіні қолданбайтын адам кемде-кем. Мұны жаһандағы ең ірі әрі ең танымал әлеуметтік желі дей аламыз.




2004 жылы Марк Цукерберг өзінің серіктестері Эдуардо Саверин, Дастин Московиц және Крис Хьюзбен біріге отырып Facebook-тың негізін қалаған. Марк Цукерберг 23 жасында өзінің сайтының арқасында әлемдегі ең жас миллиардер болды. Сайттың алғашқы аты TheFacebook деп аталды және ол тек Гарвард университетінің студенттеріне ғана қолжетімді болды, кейінірек Бостонның басқа университеттерінің студенттеріне де жол ашылды, ал содан соң .edu доменіндегі электрондық мекенжайы бар АҚШ-тың кез келген оқу орнындағы студенттер де тіркеле алатын болды. 2006 жылдың қыркүйек айынан бастап 13 жастан асқан электрондық поштасы бар ғаламтор пайдаланушыларына қолжетімді болды. 2013 жылдың наурыз айындағы мәлімет бойынша Facebook-ты пайдаланушылар саны 1,11 миллиардты құрайды, олардың көбісі мобильді құрылғылардың көмегімен кіреді. Facebook-тың 2009 жылғы қаржы айналымы 700 млн АҚШ долларын құрады.



ТИКТОК

ТикТок – қытайлық әлеуметтік желі болып, ол қысқа музыкалық бейнелерді, тікелей эфирді жасауға және түрлі хабарлармен алмасуға мүмкіндік беретін әлеуметтік желі. Қытайда Douyin атымен танымал. Онда 15-тен 60 секундқа дейінгі музыкалық видеолар жасап, өзгелермен бөлісуге болатын еді. Musical.ly басқа қытайлық стартаптардай емес, халықаралық нарыққа бағытталып, тез танымал бола бастады.

Қазір шамамен 150 миллион аса қолданушылар межесін бағындырды.



ВАТСАП

Аталған қосымша – смартфонға тікелей арналған мессенджер болып табылады. Соңғы уақытта компьютерде де қолданылып жүр. Мәтіндік хабарландыру, сурет, видео және аудио жөнелтуге болады. Android, BlackBerry OS, BlackBerry 10, iOS, Series 40, Symbian (S60) және Windows Phone сияқты платформаларда жұмыс істейді. Мессенджерді жасаған компанияның негізін Ян Кум (Jan Koum) және Брайан Эктон (Brian Acton) 2009 жылы Калифорния штатында құрған. Компанияда 55 қызметкер жұмыс істейді.

P.S.:

Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны бірдей деп білеміз. Бастысы, ұтымды етіп, кәдеге жаратсаңыз, озғаныңыз.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ЖЕР-ЖАҒАН

Меккеге жаяу бара жатыр



Меккеге жаяу аттанған өзбекстандық қажы Маңғыстауға жетті. Оны Бейнеуге кіреберістегі көлік тұрағынан ақтаулық Вадим Александрович күтіп алған.

Саяхатшы күніне 25–30 шақырымдай жаяу жүреді. Оның тоқтамай, еш кедергісіз жүріп отыруы ауа райына байланысты көрінеді. Ол мұндай ауыр да ұзақ жолда жалғыз жүруден мүлде қорықпайтынын айтқан. Бұл 64 жастағы қарияның екінші қажылық сапары екен. Алғашқы қажылығын 2015 жылы жаяу өтеп шыққан.

Жанкешті қажының есебі бойынша, Ақтауға дейін 330 шақырым бар, қалада 10 күннен кейін болуы керек. Содан кейін ол паромға отырады. Күтіп алған Вадим Александрович әріптестерімен бірге оған ас беріп, ақ жол тілеп, қолына қаражат ұстатқан.

Саяхатшы азық-түлік пен киім-кешектерін жаяу-жалпылап жүріп қалай көтереді десеніз, ол велосипедтен арба жасап алған көрінеді, керек-жарағын сонда сақтайды.

Мейірбан әке



Рикке туа сала ДЦП диагнозы қойылған болатын. Босану кезінде нәрестенің кіндігі мойнына оратылып қалып, ағзаға оттегі бармай, ми мен бұлшық еттің өзара байланысы бұзылған.

Дәрігерлер ерлі-зайыпты Хойттарға баланы арнайы мекемеге өткізуге кеңес береді. Себебі, оның адам болып кетуі екіталай деген болжам жасалған болатын. Бірақ ата-ана бауыр еті баласын кинады. Жақсы күндерден үміттенді. Олар Рикті апта сайын Бостон балалар ауруханасына таси бастады. Дәрігер-мамандар кеңесімен оған ауру емес, кәдімгі бала ретінде қарауға көшті. Анасы күн сайын сағаттап отырып әріптер үйрете бастайды. Сөйтіп, Рик әліпбиді жаттап алды. 11 жасында оған арнайы жабдықталған компьютер алып береді. Өте ақылды бала соның арқасында мектеп табалдырығын да аттайды. Ал 1993 жылы Рик Бостон университетін тәмамдайды. Кейінірек Бостон колледжіне жұмысқа тұрып, мүмкіндігі шектеулі адамдарға компьютер ішіндегі сан қырлы қызметтермен жұмыс істеуді үйретеді.

Өмірге құштар Рик енді үлкен марафондарға қатысқысы келеді. Өздігінен жүріп-тұра алмайтын, арбаға таңылған ол әкесінен «Менімен бірге марафонға қатысасын ба?» деп сұрағанда, жүрегінің ақауы барына қарамастан мейірбан әке бірден келісе кеткен. Ұлы екеуі талай марафонға қатысқан. Мәселен, «Ironman» марафоны 3 бөлімнен тұратын болса, біріншісінде әке мен бала 42 шақырым жүгірсе, екінші бөлімде мұхиттың бетімен 3,86 шақырымды жүзіп өтуі тиіс. Үшіншісінде 180,3 шақырымды велосипедпен жүріп өтуі керек. Мұның бәрінде қайсар әке ұлын арбадағы күйінде бірге алып жүгірген.

Сөйтіп әке мен бала 212 триатлон мен 15 сағаттық «Ironman» марафонына қатысқан. Бір сұхбатында өзін батыр деп атағандарға Дик «Мен жай ғана өз отбасымды жақсы көремін» деп жауап берген. Әрине, ауру ұлын осыншама жетістіктерге жеткізген, сөзсіз ата-ана махабаты. Олардың жанкешті марафоны 2014 жылдың сәуірінде Бостонда аяқталған.

Бостонда әкелі-балалы Дик пен Риктің құрметіне қойылған қола мүсін бар. Бұл мүсін адамдарды кез келген қиындыққа мойымауға шақырып тұратындай.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



ТҮЙТКІЛ

Қазақ тағамтану академиясының мамандары фаст-фуд өнімдерін тұтыну адам денсаулығына өте зиян екендігін айтып, дабыл қағып отыр. Олар бұл мәселені біраз уақыттан бері көтеріп келеді. Фаст-фуд өнімдерінің ішіне гамбургер, хот-дог, қуырылған картоп, қытай кеспелері, кепкен нан, шаурма, чипси дегендер кіреді. Мұның барлығы адам ағзасына кері әсер етіп, түрлі ауруларды қоздырады. Жүрек-қан тамыр ауруларына, қауіпті ісікке, туберкулез, салмақтың өсуі, сосын диабет секілді ауруларға алып барады. Сондықтан мамандар «фаст-фуд өнімдерін халық көп тұтынбауы үшін оның бағасын көтеріп, қосымша құн салығын өсіру қажеттігін» айтып отыр. Жалпы, фаст-фуд өнімінің адам денсаулығына қандай зиянды әсері бар, одан құтылу үшін не істеу керек, кейінгі қауым, жас ұрпақтың денсаулығын сақтап, нығайту үшін қандай нақты әрекеттер жасағанымыз жөн?

Серік
ЖҰМАБАЕВ

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРДАН ҰТАРЫМЫЗ КӨП

Адам денсаулығына өте зиян

Қазіргі уақытта бізде шаурма, сэндвич, чебурек, пицца, чипси, қуырылған картоп дегендер және түрлі газдалған сусындар көптеп сатылады. Мұндай тағамдарға, әсіресе, балалар, жастар құмар. Бірақ өкінішке орай, мұндай өнімдердің сапасы мен құрамында не бар екендігінің көпшілік біле бермейді. Бұл тағамдардың барлығы фаст-фуд (тез әзірленетін тамақ) қатарына жатады. Ал оның адам денсаулығына тигізер зияны шаш-етектен. Өкініштісі сол, қазіргі таңда көпшіліктің, әсіресе, қарбаласы көп қала тұрғындарының тамақты үйінде отырып, асықпай дайындауға мүмкіндігі бола бермейді.

Тіпті, кей адамдар еріншектігінің салдарынан дайын асқа жүгіретіні шындық. Осы ретте фаст-фуд сататын дүкендер әдемі жарнамалары арқылы өнімдерін төмен бағалармен ұсынып, жылдам әзірленетінін айтып, тұтынушылардың назарын өздеріне аударады. Дегенмен, мұндай тағамдардың құрамында дәрумендер жоқтың қасы, есесіне, онда майлар мен консерванттар көп болады.

Семіздікке шалдықтырады

Түрлі елдердегі медициналық зерттеулердің нәтижесі фаст-фуд өнімдерін күнделікті қолдану семіздікке әкеледі дейді. Мәселен, адамның бір күндік тағамы 1500 калорияны құрауы тиіс болса, ал орташа көлемдегі бір гамбургер немесе бір стакан кока-кола 1500 калорияға тең. Енді есептей беріңіз. Сіз бір гамбургермен немесе бір стакан кола ішіп, бір күн бойы аш жүре аласыз ба? Жок. Сондықтан бұл өнімдер адамның толық табетін қанағаттандыра алмайды, ол тек аз ғана уақытқа асқазанды алдау десе де болады. Жарты сағаттан соң адам тағы да тамақтанғысы келеді. Оның құрамына жасанды май мен түрлі жасанды дәмдеуіштер қосылғаннан кейін адам қайта-қайта жегісі келіп тұрады.

Сонымен бірге, сосискалар, пісірілген шұжықтар, паштеттер еттен жасалғандай көрінгенімен, негізінен жартысына жуығы майдан жасалып, түрлі тәтті дәмдеуіштермен бүркемеленеді. Қуырылған семіз ет, кофе, шоколадтар, арзан әрі калориясы көп нан-жарма, кондитер өнімдері де адамды семіздікке апарып тірейді.



ауру-сырқауға душар етуге болмайды. Бұған мемлекет тарапынан шектеу қойсақ, дұрыс-ақ болар еді.

Артық салмақтан
арылу керек

Бүгінгі таңда жер бетінде 7 миллиардқа жуық адам өмір сүріп жатыр дейтін болсақ,

Еуропаның кейбір елдерінде байлардан гөрі жұмыссыздар арасында семіздердің көп екені анықталыпты. Байлар қалтасына қарай, тамақты талғап, таңдап жесе, жұмыссыздар өздеріне берілген жәрдемақыны (біздегіден ондаған есе көп!) талғау етіп, әрі үйде бос отырғасын, жоғарыда көрсетілген тағам түрлерін қылғыта беретін болса керек. Ал жеміс-жидек пен көкөністі, сүт тағамдарын (айран, сүзбе, ірімшік, т.б.) жиі пайдаланатын



Жасыратыны жоқ, фаст-фуд тағамдардың бағасы арзан болғаннан кейін әрбір адамға қолжетімді болып тұр. Егер бұл тағамдарға қосымша құн салығын көтерсек, онда тұтынушылар да азаюы ғажайып емес. Бірақ әрине, қосымша салық салумен мәселе шешілмейді. Оның сыртында жұртшылық арасында үзіт-насихат жұмыстарын көптеп жүргізіміз қажет. Әсіресе, балаларға, жастарға ұғынықты етіп түсіндіргеніміз жөн.

Онымен қоса, бұған тиісті заң арқылы шектеу қойғанымыз дұрыс. Санитарлық жағынан да бақылауды күшейтіп, қадағалауды арттыруымыз қажет. Жалпы, гамбургер, хот-дог дегендерге ғана емес, кока-кола мен пепсилерге де тыйым салғанымыз жөн. Қазақ тағамтану академиясының мамандары фаст-фуд өнімдерінің адам ағзасына зияндығын нақты дәлелдеп, Парламенттің қарауына ұсынса, халық қалаулылары бұған бейжай қарамайды ғой деген ойдамыз...

Қан қысымы
ауруын арттырады

Ал ол несімен қауіпті деген сұраққа жауап беретін болсақ, фаст-фуд тағамдарын дайындау барысында оған маргарин көп мөлшерде қосылады. Маргариннің құрамында жасанды өнім, яғни транс майлар көп. Кейбіреулер фаст-фудтың денсаулыққа зиян екенін біле тұра, одан бас тартпайды. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл жағдай адамды психологиялық және химиялық тәуелділікке әкеп соқтырады.

Өйткені, аталған өнімдерді жасаушылар оның дәмін күшейтетін арнайы қоспаларды қосады да, сол арқылы тұтынушыларды өзіне тартады екен. Тез тамақтанудың кесірінен ас қорыту жолдары қиындайды. Фаст-фудқа үйір жандардың асқазан, жүрек аурулары, қан қысымы, қант диабеті аурулары күн өткен сайын үдей түседі.

Әсіресе, өз денсаулығына көңіл бөлмейтін жастарға обал-ақ. Олар диета сақтамай тамақтанатын болса, денсаулығы күн өткен сайын әлсірей түседі.

Ағзамыз ұлттық тағамдарға
бейімделген

Жалпы, фаст-фуд өнімдерін қазақ еліне жолатудың керектігі шамалы. Тез дайындалатын, адам ағзасына айтарлықтай зиян келтіретін мұндай өнімдердің бізге түкке де керектігі жоқ. Өзіміздің ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тағамдарымызды пайдалансақ, одан ұтарымыз көп.

Біздің ағзамыз шетелдік тағамдарға емес, өзіміздің ұлттық тағамдарға бейімделген. Сондықтан шетелдік тағамдарды пайдалануға шектеу қойсақ жақсы-ақ болар еді. Бір жағынан, олардың тағамдарына түрлі химикаттар қосылады. Тез дайындалатын тағамның отаны АҚШ-та халықтың 60 пайызынан астамы семіздікпен ауырады. 300–400 келі тартатын адамдарды көргенде бір жағынан жаныңыз ашиды. Бірақ олардың көбі сол фаст-фудтың салдарынан артық салмақ қосып алғандығын мойындайды.

Сондықтан біздің халқымыз мұндай кеселге ұшырамас үшін қазірден бастап алдын алуымыз керек. Шағын бизнесті қолдаймыз деп халықты

соның бір миллиардтан астамы – толықтар мен семіздер. Бейнелеп айтсақ, әлемдегі әрбір алтыншы адам семіздер «әскерінің» дайын «сарбазы» болып табылады. Дүние жүзіндегі ең алпауыт ел – АҚШ-тағы ересектердің үштен екісі семіздіктен зардап шегуде. Еуропа, Үндістан, Қытай, Ресей және Латын Америкасында да семіздер мен толық адамдар басым. Біздің елімізде де жыл өткен сайын семіздер көбейіп отырған көрінеді. Әсіресе, жастар мен балалар арасында... Сондықтан ғалымдар мен дәрігерлер келесі онжылдықта (2020–2030) семіздіктің салдарынан адамның өмірден ерте кетуі табиғи өлім себептерінің ішінде бірінші орынға шығатынын қадап тұрып айтуда. Өйткені, семіздік – жүрек-қан тамыры, сусамыр ауруларынан болатын тосын ажалдың себепкері.

Адам неғұрлым арзан әрі калориясы көп нан-жарма, кондитер, ботташық өнімдерін үнемі қолданса, семіре береді. Бір қызығы сол,

Румыния, Болгария, Грузия, Түркия секілді елдерде семіздердің саны өзгелермен салыстырғанда анағұрлым аз...

Тамақты аз жеудің
артықшылығы көп

Семіздіктің екі себебі барын айтуымыз керек. Тұқым қуалаушылық және мешкейлік. Әдетте ата-әжесі, әке-шешесі немесе нағашы жұртынан біреуі толық болса, оның ұрпағы да семіздікке бейім тұрады. Оны тоқтату немесе күресу мүмкін емес. Жаратылыс өз дегенін істейді. Екіншісіне келсек, егер адам тамаққа деген нәпсісін тежеп ұстаса, онда семіздікке бой алдырмауға әбден болады. Қасиетті ислам дініндегі отыз күн ораза ұстау, бес уақыт намазға жығылу да адамның пенделік күнәларының бірі – тағамға деген нәпсіні тиюға немесе бәсеңсітуге бағытталған...

● ТҮЙІН:

Қалай десек те, адамның денсаулығы үшін тиімді тамақтана білу өте маңызды. Тиімді тамақтану дегеніміз – құрамында түрлі қоректік заттардың толық мөлшері бар тамақпен ағзаны дұрыс, уақытылы қамтамасыз ету. Жақында американдық ғалымдар зерттеулер жүргізіп, өте жоғары температурада дайындалатын тағамдардың құрамынан адамның денсаулығына өте зиянды «акриламид» деген затты тапқан. Шаурма, донер-кебабтарға қоса гамбургер, хот-дог, гриль, поп-корн, чипсы, картоптан жасалған фри, қақталған шұжық секілді тағамдар өте жоғары температурада дайындалады. Дәл осы тағамдарды ұзақ күнделікті пайдалану салдарынан асқазан жарасы, созылмалы гастрит, өттің толуы, ұйқы безінің қабынуы, жүрек-қан тамыр аурулары, семіздік пайда болатыны, әсіресе, ас қорыту жолдарына өте зиян екені анықталған. Сондықтан қалың көпшілік көшеде даярланатын тағамдарды өте абайлап жегені дұрыс. «Ауру – астан...» деген сөзі бекер айтылмаған. Денсаулығымызды сақтай білейік, ағайын!



ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы
АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 25 сәуірдегі №125 шешімі Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2022 жылғы 3 мамырда №27847 болып енгізілді.

ШЕШІМ

2022 жылғы 25 сәуір

№125

Алматы қаласы мәслихатының 2015 жылғы 23 шілдедегі №347 «Алматы қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы мәслихатының 2015 жылғы 23 шілдедегі №347 «Алматы қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1194 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Алматы қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларындағы (бұдан әрі – Қағида):

12-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«12. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек бір рет ақшалай төлем түрінде келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне:

1) мәртебесі «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының

4-бабымен белгіленген, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 1 миллион теңге;

2) мәртебесі «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5, 6-баптарымен белгіленген, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне – 100 мың теңге;

3) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне – 100 мың теңге;

4) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертiгyі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына және қайта некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына) – 100 мың теңге;

5) Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедегінің немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмаған жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығу, жұмыста мертiгy және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерді қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған, Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған жұбайы (зайыбы) – 50 мың теңге;

6) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар – 50 мың теңге;

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген бірнеше санаттарға жататын әрбір адамға атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек тек бір негіз бойынша ғана аударылады.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні: Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғасына қатысып, «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес ақталған тұлғалар – 150 мың теңге»;

19-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«19. Әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінің 3 (үш) есе мөлшерінен аспайтын келесі санаттағы азаматтарға жыл сайын тағайындалып, жарты жылда бір рет 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде:

1) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнет жасына толған зейнеткерлерге;

2) бүйрек қызметінің созылмалы жеткіліксіздігімен ауыратын бірінші топтағы мүгедектерге»;

21-тармақта:

9) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«9) Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедегінің немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмаған жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығу, жұмыста мертiгy және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерді қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған, Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған жұбайы (зайыбы)»;

11) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«11) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар»;

38-тармақтың 9) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«9) осы Қағиданың 21-тармағының 22) тармақшасында көрсетілген мүгедек балаларды және бірінші топтағы мүгедектерді санаторий-курорттық емдеуді ұсынатын ұйымда болған кезінде алып жүретін адамдарға, бірақ алып жүретін бір адамнан артық емес – жан басына шаққандағы орташа табысты есепке алмай, Қазақстан Республикасының ішінде санаторий-курорттық емдеудің шығындарын өтеу түрінде емдеу рәсімдерін ескермей тамақтануын және тұруын төлей отырып.

Бірінші топтағы мүгедек адамдарына және мүгедек балаларына санаторий-курорттық емделу «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұсынылады».

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының хатшысы

С.КАНКУРОВ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) Басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарында байқау кенесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу бойынша конкурстың келесі ұйымдарда өткізілуін хабарлайды:

№	Медициналық ұйымдардың атауы
1	Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «№6 қалалық емхана» КМК

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттары конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша қабылданады:

1. Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «№6 қалалық емхана» КМК – ҚР, Алматы қ., Әуезов ауданы, 4-шағынауданы., 3 А үй, 300-кабинет, тел. 8 (727) 276-08-77, қосымша ақпаратты веб-сайттаң табуға болады www.gp6.kz.

«БК Строй груп» ЖШС БСН 220340031312 өз қызметінің тоқтатылғаны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар 8 701 272 72 80 телефоны бойынша қабылданады.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекеменіңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСҚЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 7 айға – 4203,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 7 айға – 11343,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 7 айға – 3083,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға
жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



Балалар
жылы
2022

Қамкөңіл бала болмасын



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы қаласындағы «Қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығы» сәуір айының жаймашуақ күнінде айналыны сәнге бөлеген Наурыз мерекесін атап өтті.

Аталған орталық жетім балаларға, ата-ана құқығынан айырылғандардың балаларына, әке-шешесі түрдеме отырған балаларға, қараусыз қалған немесе ата-анасынан қатыгездік көрген балаларға тәрбие және білім береді. 3 жастан 18 жасқа дейінгі балалар қабылданатын орталықтың аты айтып тұрғандай, қиын өмір жағдайында қалған балаларға пана болып отырған әлеуметтік мекеменің атқаратын қызметі ұшан-теңіз. Ата-анасының бауырында асыр салатын кезеңдерінде тағдырдың ауыртпалығына тап болған балалар үшін аталған орталық әрбір мерекені көңілді өткізеді. Биылғы Наурыз мерекесі де жүрегі жаралы балалар үшін естен кетпестей естелік болды.

— Алматы қаласындағы қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы бұрын ішкі істер органына қарайтын. Кейіннен білім беру саласына өтті. Мұнда балаларға барлық жағдай жасалған. Уақытында тамақтандыруды айтпағанда, білім алатын сыныптары, спорт алаңдары жақсы жабдықталған. Бір сөзбен айтқанда, балалардың алаңсыз өмір сүріп, білім алуына қажетті нәрсенің бәрі бар, — дейді орталықтың басшысы Бимаханбет Рысқұлов.

Наурыз — балалардың асыға күтетін мерекесі. Бұл күні олар бар өнерін ортаға салып, түрлі спорттық ойындардан жарыс ұйымдастырып, мәре-сәре болады. Мереке кезінде олар қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне қанығатын көріністерді де тамашалады. Концертті де өздері жүргізіп, әуелете ән салып, күмбірлете күй тартқан өнерпаз балалардың ішінде қазақ тілін ана тіліндей меңгерген басқа ұлттың балалары да көп екен. Бұл жас жеткіншектерге тәлімді тәрбие беретін тәрбиешілер мен педагогтар еңбегінің жемісі екені анық.

МОНИТОРИНГ

«Балаға лайық» акциясы басталды



Рая
ЕСКЕНДИП

Елімізде «Мектептің жақсаруына көмектес» деген ұранмен «Балаға лайық» акциясы басталды. Бұл акцияны ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқығын қорғау комитетімен бірлесіп өткізіп жатыр. Жас ұрпақтың болашағына алаңдаушылық білдіріп, олардың өмір қауіпсіздігіне бей-жай қарамайтын кез келген адамның акцияға қатысып, өз үнін қосуына болады.

Акцияға қолдау білдіру арқылы санитарлық-гигиеналық жағдайы жасалмаған асханалар мен жылы дәретханалары жоқ білім ошақтарын анықтауға болады. «Мониторинг жазалау үшін емес, балаларға қажетті жағдайды жасау үшін жүргізіледі. Талапқа сай келмейтін мектеп әкімшіліктеріне оқшылықтардың орнын толтыру үшін уақыт беріледі», — дейді Білім министрлігі өкілдері. Сонымен қатар, мектеп асханаларындағы проблемаларды хабарлағандардың аты-жөні мен олар туралы ақпараттар жария етілмейді. Министрлік өкілдері мұндай жағдайда толық кепілдік беретіндіктерін хабарлайды. Сондықтан сізге де мектеп асханаларындағы бағаның көтерілгені, зиянды тағамдар, яғни фаст-фуд өнімдері мен газдалған сусындар сатылатыны туралы дер кезінде хабарлауыңызға болады.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЗАУЗА АЙЫ БАСТАЛДЫ

Бабалар мамырды зауза деп атаған. Бұл қоңыздың атауы. «Сарыатан-Зауза» деген қауіпті амалы, «Жабу басында жал қалады, жал қалмаса жан қалады» деген тәмсілі бар. Сауын сиырларын жабулап, қорасын бүтіндеп отырған



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Мамыр — он екі айдың ең сұлуы, табиғаттың гүлге бөленген, нұрға кенелген тамаша кезі, шаруаның асыға күткен сүйікті айы. Емшілер зауза (қоңыз) майын жинайды. Ол барлық ауруға ем болады екен.

Күн жылиды, жер бусанады, өсімдіктер құлпырады, мал төлдейді. Құстар ұя салып, балапанын өрбітеді. Солтүстік аймақтарда көктемгі егіс, дала жұмыстары қызады. Мал өріске шығып, қой қырку, жылқы күзеу, түйе жүндеу басталып, бие байланады, қымызмұрындық дәстүрі тойланады.

Мамыр сөзі тоқшылық, қондану, қызық, рахат деген ұғымды білдіреді екен. Тағы бір мағынасы — аққу мен қаздың қанаттанбаған балапанын да мамыр дейді. Қазақ төрт түліктің баласын төл деп атаса, барлық құстың балапанын мамыр деген. Мамыр айының алғашқы онкүндігінде жұмыртқа шайқаған құстардың біразы қызылшақа балапан шығарады. Көнекөз қарттар осы көріністі «Қызыл жұмыртқа» амалы деп атаған. Осы кезде ауа райында тосын өзгеріс орын алады. Күн күркіреп, нөсер жаңбыр жауып немесе қатты жел соғып, дауыл тұрып, соның салдарынан 1-2 күнге созылған суық болады.

Мамырда малдың ішегіне май жүгіретін болғандықтан майлы ішек деп аталған. Бұл айдың атауы көп. Кеңестік дәуірде май айы дедік. Қазір мамыр дейміз. Бабалар зауза деген. Сәуір, құралай деп аталған кездері де болған.

Айдың 10-ынан бастап жоғарыда сақтандырған «Сарыатан-Зауза» амалы көрініс береді. Ол мамырдың 15-іне дейін жалғасады. Сарыатан — түйенің аты, Зауза — қыздың есімі. Аңыз бойынша, Сарыатанға мінген Зауза қыз құрбан айтта айтшылап жүріп, жолда үсіп өліпті. Атан мен қыздың опат болуы күннің салқындығынан болған дейді. Қыздың киімі жұқа екен, атан ерте күзелген көрінеді. Амалдың «Сарыатан-Зауза» аталуына осы оқиға бірден-бір себеп болған сынайлы.

Осыдан кейін «Саратан-Зауза» амалы өткеннен кейін ғана түйені күзеуге болады, өйтпесе түйе малы суыққа ұрынып, үсіп өледі» деген тұжырымға келіпті. «Жабу ба-



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

- * Торғай ерте жұмыртқаласа, күн ерте жылынады.
- * Күн көп күркіресе, егін, шөп мол шығады.
- * Таң күңгірт тартып, күн манаурап көрінсе, жыл жауын-шашынды болады.
- * Көктемде жылқы ықтаса, келер қыс қатты болады.
- * Күн ерте күркіресе, ол — жауын-шашынның мол болатындығын білдіреді.

сында жал қалады, жал қалмаса жан қалады» деп амал келгенше сауын сиырларын жабулап, қораларын бүтіндейтін болған.

Амалдың «сары шыбыжық» деген де атауы бар. Осы амалға қатысты «Отамалы — ойылған қыс, сәуір — сәнді қыс, «сарыатан-зауза» сенен де қорқам» деген сөз қалған.

Зауза деген қоңыз да бар. Қатты қанаттылар отрядының такта мұрттылар тұқымдасына жататын жәндік. Негізінен Еуразия құрлығында кең тараған (36 түрі белгілі).

Қазақстанда 2 түрі ұшырасады: шығыс зауза қоңызы және батыс зауза қоңызы. Тәуіптер мен емші әжелер зауза (қоңыз) майын жинайтын болған. Ол барлық ауруға ем көрінеді.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін — 5 мамыр, ай бойынша — 4-і, қазақы есеп бойынша 9 күннен кейін жаңа ай басталады. Демек, апта айдың басына дөп келіп тұр. Ал айдың басында, ортасында және аяғында ауа райында өзгеріс болуы әбден мүмкін жағдай.

ОЙ-ТАМЫЗЫҚ

Қазір заман аурасы бөлек. Жаһан жедел дамып келеді. Адамға әмбебап әрі тиімді болу талабы қойылғандай. Мұны заман талабы дер едік. Осы орайда бүгінгі адамның бет-бейнесін, қимыл-әрекетін саралап көрелік. Біршама ойларды ортаға салайық.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Ілгері ұмтылыс мінезден туады

Неміс ойшылы Георг Гегель «Ұлы мақсаттарды жүзеге асыру арқылы адам өзін өзгелерге шамшырақ ететін керемет мінезді тауып алады» депті. Қазіргі біздердің өмір сүріп отырған кезеңіміз біртіндеп соған келе жатқандай. Философтың айтатынындай бар. Бәрі қарбалас, барлығы бір нәрсеге асығып барады. Онсыз күн кешу қиын болып көрінеді. Мүмкін бұл да заманның адамзат баласынан талап етіп отырған критерийлерінің бірі шығар. Кім білсін?!

Жаһандану процесі жүріп жатқан қоғамда ғұмыр кешудеміз. Мобильділік ережесі алға шықты. Ал баяу қозғалыс жасар болсаңыз, шаң жұтып қалуыңыз ғажап емес. Бұл дегеніміз, сіз артта қалдыңыз, өмір сүруге қабілетсіз дегенді білдірмейді. Бірақ белгілі бір дәрежеге жету қиынырақ болады. Әсіресе, Жапон, Корей халықтары алға ұмтылуға, жетістікке жетуге құмар. Ол үшін ешкіммен конфликт жасамауға тырысады. Артық мінезді ішке қалдырады. Мәселен, сол елдерде

Көркем мінезді адам

Қарапайым ережелер орындалған жерде, іс алға басады



шыны сындырып, бір нәрсені қиратып, артық ашуды тысқа шығарады. Нәтижесінде сергек жүреді. Бойына артық мінез бен стресс жинамайды. Тіпті, арнайы жұмыс орындарында да сондай орталықтар болатын көрінеді.

Мақсатқа жетуге септеседі

Егер мінезіңіз көркем болса, айналаға тез сыйыса аласыз. Ең негізгісі іштей өзіңіздің қуатыңыз мықты болғаны абзал. Жан-дүниенің таза, әрі амбицияға толы болса, өзганыңыз деп білеміз. Әрбір ортаға дау-дамайға көп ілінбейтін, өз ісінің шеберлері жылдам сіңіседі. Себебі, ол адам барлық жағынан қолайлы. Аса бір уәж айтпайды. Тыңғылықты етіп, сапалы орындаңыз, көпке ұнамды боласыз.

Көркем мінезді жанның алар асуы алда болмақ. Адам ақылды, адам ізденімпаз. Осы ойлармен келісуге әбден болады. Бізге берілген уақыттың өзі шектеулі. Бастысы, әр сәтті ұтымды пайдалана алсақ болғаны. Жалпы, ептіні бәрі қадірлейді. Ол барлық ерік-жігерін, сол компанияның, мекеменің алға

жылжуына күш салады. Яғни табысты арттырып, биік белестерге бастайды. Осындай жетістіктерден кейін тиімді адам ретінде бағалайды. Ісіне тиянақты, ешкімге артық салмағы жоқ, ең негізгісі — пайда түсіру жағынан басқалардан оқ бойы озып тұр.

Жаһан жақсыға құмар

Өздеріңіз білетіндей, Tesla, Amazon сынды алпауыт компаниялардың иелері тиімді адамды бағалай алады. Сол арқылы табысын арттырып, оның бойындағы қабілетін, білімін пайдаланады. Мұндайда көбіне ұйымдастырушылық қасиет басым болғаны абзал. Ұжымды басқаруға мықты харизма мен күш-қуат керек. Сонымен бірге, сіз де жетістікке жетіп, олар үшін үлгі болуыңыз шарт. Міне, осы қарапайым ережелер орындалған жерде, іс алға басады.

Топшылау

Ойшыл хәм ақын Шәкәрім Құдайберді бабамыз «Адамның ең асылы — қиянатсыз, ақ пейіл адам» деп баға беріпті. Сондай данышпандықпен айтылғанына қайран қаласыз. Мейлі жетістікке жетіңіз, бірақ осы аталған қасиеттер бойыңызда болмаса, қалғанының құны көк тиынға да татымайды. Түгел сөздің түп атасын топтап айтқанда шығарар қорытынды осыған саяды.

Тиімді адам — епті, ақылды, ең бастысы көркем мінезді адам деп танымыз. Аталған критерийлерге назар аударып, ортаға тез бейімделіп, айналаға пайда әкелсеңіз, ұтқаныңыз демекпіз.